



Мерекемен, ардақты жандар!

ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ

www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы



1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

e-mail: kostanaytany@mail.ru

6 наурыз 2015 ж.

жұма

№ 27 (18236)



Асыл әже

110 ЖАСҚА ТОЛҒАН ҰЛТАЙ СЫЗДЫҚ ТУРАЛЫ СЫР



Қазақ "Төріңнен қария кетпесін" деп тілеген халық. "Қариясы бар үйдің қазынасы бар" дегендей, қаламыздағы көпті көрген қазыналы қарияларымыздың бірі — Ұлтай Сыздық деп айтсақ, еш қателеспеспіз. Себебі ол 8-наурызда өзінің 110 жасқа толған күнін атап өтпек.

Әжені көктем мерекелерімен құттықтап, батасын алу ниетімен кеншілер шаһарының "Шанхайы" атанған жеке сектордағы үйлерге қарай бет алдық. Біз үйге бас сұққанда Ұлтай әжей кереуеттің үстінде теледидар тамашалап, шөбересін ойнатып отыр екен.

2-бет

Құттықтау!



Құрметті әйелдер!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күні — 8 наурызбен шын жүректен құттықтаймын!

Осы көктемгі шуақты күндері біз ең назды сезімдеріміз бен тілектерімізді білдіруге ұмтыламыз.

Біздің еліміздің көп ғасырлар бойғы тарихы сіздердің жасампаз бейнелеріңіздің талай айғақтарын сақтауда.

Сіздер біздің Тәуелсіздігіміздің сындарлы кезеңінде түсіністік таныттыңыздар, сендіңіздер және болашақты құрдыңыздар.

Сіздерге нық сенімділік, сабырлылық және еңбексүйгіштік тән.

Әйелдердің — соғыс ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің, әскер жесірлерінің, концлагерлері тұтқындарының үлесіне

ауыр еңбек пен күрделі сынақтар түсті.

Тың көтеру жылдарында сіздер заманауи ауыл шаруашылығының негізін қаладыңыздар. Бүгіндері сіздер өрелі инвестициялық жобаларды іске асырудасыздар, инфрақұрылымды дамытудасыздар.

Сіздер өздеріңіздің білімдеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз бен қамқорлықтарыңыз бәрінен де көбірек қажет болатын жерлерде — білім беру және денсаулық сақтау салаларында еңбек етудесіздер.

Сіздердің ой-пікірлеріңіздің Қостанай облысының қоғамдық-саяси өміріндегі маңызы айтарлықтай.

Біздің әйелдеріміздің азаматтық секторда алатын

орны ерекше.

Қазақстандық отбасы тауқыметінің көп ретте әйелдердің — үй ошағын сақтаушылардың нәзік иығына артылатынын айтып жатудың өзі артық.

Әйелдер халықтың рухани құндылықтарын, отбасылық дәстүрлері мен жәдігерлерін құнттап, кейінгілерге табыс етеді.

Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ізгі аналық кеңестеріңіз жас отбасыларының ақиқаттық құндылықтар табуына көмектеседі.

Қымбатты әйелдер! Сіздерге мықты денсаулық, отбасылық құт-береке және әйел бақытын тілейміз.

Сіздердің жанұяларыңызда

тыныштық пен жылулық болсын, еңбекте және балалар тәрбиесінде табысқа жетіңіздер!

Сіздердің өмірлеріңіздегі әр күндеріңіз өздеріңіздің айналыңыздағы адамдардың сүйіспеншілігі мен қамқорлығына толы болсын!

Құрметпен,
Қостанай облысының
әкімі

Н.САДУАҚАСОВ.




Қымбатты әйелдер қауымы!

Бұл – қымбатты да, сүйікті аналарымызға, жұбайларымызға, қыздарымыз бен қарындастарымызға сыйлы, қадірлі, сүйікті екендерін шынайы құрметпен жеткізетін ерекше күн! 8 наурыз – көктемнің, жақсылықтың жаршысы, өмірдің, махаббат пен сұлулықтың бастауы. Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын себесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегінде сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайды. Әйел – ардақты ана, адал жар, өнегелі келін, сенімді құрбы, жауапты қызметкер. Осы айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елге ырыс-құт әкеледі.

Айналасын ізгілік пен мейірбандық шуағына бөлеген қымбатты нәзік жандар, Сіздерге, ел ертеңі үшін атқарып жатқан игі істеріңізге деген ризашылығымызды жеткізе отырып, жарқын көңіл-күй, қажымас қайрат, мол бақыт, жанұяларыңызға береке-бірлік тілеймін!

**Құрметпен,
Қостанай облыстық мәслихатының
хатшысы С. Ещанов.**



Жасай беріңіздер!

Құрметті Ұлы Отан соғысына қатысқан апайлар, ерлері Отан үшін шәйіт болған кейуаналар, тылда еңбек еткен аналар, қарындастар!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Денсаулықтарыңыз сыр бермесін, бейбіт өмірде ұрпақтарыңызға мейірлеріңізді төгіп, жасай беріңіздер.

**К.ҮКІҰЛЫ,
Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы**




Жүздеріңізден қуаныш кетпесін!

Баршаңызды көктемнің көрікті мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!

Әйел – мейірім мен махаббаттың, сұлулық пен ізгіліктің символы. Ана қуанышы – әр отбасының, Отанның мерейі. Әрқашанда шаңырақтарыңыз берік болып, жүздеріңіз нұрға бөлене берсін!

Деніңізге саулық, мол табыс, қызметте өрлеу және махаббат пен әсемдік тілеймін!

**Ізгі тілекпен,
Әлия Сапарова,
«Нұр Отан» партиясы Қостанай
облыстық филиалы төрағасы-
ның бірінші орынбасары.**



Құрметті әйелдер!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әйел-Ана – өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Еліміздің сән-салтанаты мен облысымыздың мерейінің үстем болуында, қашанда нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Олай болса, көктемнің осынау шуақты мерекесі көңіліңізді нұрға, жүрегіңізді жырға бөлесін!

Ақ ниетпен Торғай мұражайлар кешені ұжымы.



● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Еңбекшілер құқығын қорғау – кәсіподақтар мүддесі

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Қостанай облыстық кәсіподақтар орталығы өндірістегі жарақаттардың алдын алу және Еңбек Кодексінің сақталуын қадағалау мақсатында белсенді жұмыс істеуде. Еңбек адамының құқығын қорғау мақсатында ірі кәсіпорын басшыларымен әріптестік қарым-қатынас орнатып, бірқатар меморандумдарға қол қойған. Аталған орталықтың өзге де бастамалары туралы баспасөз клубында өткен кездесуде айтылды.

Қазіргі уақытта облыс аумағында 11 салалық, 1386 бастауыш партия ұйымы жұмыс істейді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында кәсіподақ ұйымдарының белсенді түрде жұмыс істеу керектігін ескертті. Осы мақсатта өткен жылы Елбасы «Кәсіподақтар туралы» заңға қол қойды. Аталған заңның кейбір баптарына өзгерістер еніп, кәсіподақ ұйымдарының жұмысына тың серпін берді. Сондай-ақ еңбекші қауымның мүддесін қорғайтын құжатқа айналғаны іс жүзінде дәлелденіп отыр.



Балбөпе Ертаева жетекшілік ететін облыстық кәсіподақтар орталығы өңірдегі еңбекші қауымының құқығын қорғауға және олардың жұмыс орындарын сақтауға көмектесуде. Еңбек дауларында, өндірістегі жарақаттарда жұмысшылардың мүдделерін жақтайды.

– Еңбек құқығы бұзылған көп адамдар бізге шағым жасайды. Азаматтарға қайда барып, не істеу керектігі туралы кеңес береміз. Егер арызданушы азаматтың жұмыс орнында кәсіподақ ұйымы бар болса, біз аталған мәселеге тікелей араласа аламыз. Кәсіподақ ұйымы болмаған жағдайда азамат сотқа шағымданып, Еңбек инспекциясына баруы керек, – деді Қостанай облыстық кәсіподақтар орталығының төрайымы Балбөпе Ертаева.

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Мәселеге құзырлы орган араласты

**Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ**

«Қостанай таңы» газетінің сайтында 28 ақпан күні **«Екпе ем болып жатыр ма?»** (<http://kostanaytany.kz/archives/19471>) және 2 наурызда **«Диагностдан жаңылған дәрігерлер»** (<http://kostanaytany.kz/archives/19533>) сондай-ақ, 3 наурызда газет бетінде **«Екпе ем болып жатыр ма? немесе сырқатқа не себеп болды екен?»** атпен мақала жарияланған болатын. Онда А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ 1 курс студенті Қолқанат Тоқтар ақпан айының 19 күні қызылшаға қарсы вакцина қабылдағаннан кейін өзін нашар сезіне бастағаны жазылған. Облыстық аурухананың insult бөлімшесінде жатқан науқасқа дәрігерлер

«менингоэнц» (мидың қабынуы салдарынан жұлынға зақым келуі – автор) диагнозын қойғаны келтірілген. Бірақ бойжеткен мұндай диагнозбен келіспейтінін айтып, жағдайының әлсіреуіне екпе әсер етті деген-ді.

Аталған мәселеге облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлшат Байжұманова түсінік беріп, диагноз жөнінде нақты ештеңе айта алмайтынын жеткізді. Дегенмен, компьютерлік томография қорытындысы бойынша менингит белгілері жоқ екендігі анықталғанын айтқан болатын. Сол себепті бұл жағдай басқарманың назарында болады деді.

Осы мәселеге тілшілер араласқаннан кейін Қолқанат Тоқтар жатқан кереуеттегі диагноз да «менингоэнцтен» «фебрильная

реакция» болып өзгеріп шыға келді. Біз аталған мәселеге қатысты өңірдегі бірқатар мекемелерге тексеру жүргізуін сұрап, хаттар жолдадық.

Наурыз айының 5 күні Қостанай облысының прокуратурасынан осы іске қатысты тексеру жүргізіп жатқаны жөнінде жауап хат келді. Онда Қолқанат Тоқтардың неврология бөліміне ауыстырылғаны, оның денсаулық жағдайының қалыпты екені көрсетілген.

«Аталған факті бойынша Қостанай қаласының прокуратурасымен Медицина және фармацевтика саласындағы бақылау жөніндегі департаменттің қатысуымен тексеру жүргізіліп жатыр» дейді облыстық прокуратураның 1-ші басқарма бастығы А.Сыздықов.

Асыл әже

1-бет

Көненің көзін көрген анамыз 1905 жылы Таран ауданына қарасты Майлин кеңшарында дүниеге келген екен.

Тіршілікте адалдық пен ізгілікті пір тұтып, табыстың маңдай термен ғана келетіндігін ұққан Ұлтай әже еңбекке ерте араласты. «Жұмысы жемістінің, өмірі келісті» демекші, нәзік жан жұмысты таңдап, талап жатпады. Ерлерден еш кем түспей, өгізге соқа жегіп, жер жырты. Шөп шауып, оны өз қолымен арбаға тиеді. Иінағашпен құдықтан су тасып, отын жинады. Айналасына үнемі мейір-шапағатын төгіп, қамкөңіл жандарға көмек қолын аямаған Ұлтай небары он алты жасында тұрмыс құрады. Осылайша отағасы Сыздықов Мұса екеуі көңілдері жарасып, тату-тәтті ғұмыр кешті. Кешегі ашаршылық пен небір зұлмат жылдарды бастан өткізіп, өмірдің ащысы мен тәтісін бірге тартты. Екінші дүниежүзілік

соғыс басталып, отағасы әскер қатарына аттанғанда, бар ауыртпалық ауылдағы қалған қыз-келіншектерге, жасы келген қарттардың иығына түсті.

– Соғыс жылдары ауылда «он екі мүшесі сау» бір еркек қалмады. Егін егу, малды жайлау, үй шаруасын жайғастырып, ата-енемді бағып-қағу менің мойнында болды. Таңның атысынан күннің батысына дейін ер-азаматтарша белді бекем буып, шаруашылықтың қайнаған ортасында жүрдім. Маған шын риза болған атам маңдайымнан иіскеп, «ұзақ жаса» деп ізгі тілегін айтып отыратын. Ұзақ жасауымның бір сыры атамның осы батасы болса керек, – деп еске алады кейуана.

Кеңес-фин, Ұлы Отан соғысы мен Жапон соғысының қанды майданында бақандай 7 жыл ел қорғаған отағасы 1946 жылы үйіне аман-есен оралады. Әйел адам үшін бұдан асқан бақыт бар ма? Соғыстан кейінгі кезең, тың және тыңай-

ған жерлерді игеру, қайта құру жылдары мен тәуелсіздіктің ақ таңын отағасымен бірге қарсы алған Ұлтай әже он бір құрсақ көтереді. Алайда, тағдырдың жазуына шара бар ма? Оның барлық перзенттері өмірден ерте озды. Отағасының 1997 жылы 95 жасында дүние салуы кейуананың қабырғасын қайыстырып, еңсесін езіп жібергені рас. Кәрі жүрек бұған да шыдады. Дегенмен, орнында бар оңалар демекші, Ұлтай әже артынан ерген ұрпағына қарап шүкіршілік етеді. Бүгінде әжеміз 21 немере, 36 шөбере, 15 шөпшек сүйіп отыр.

Фасыр жасаған әжені күту – ұрпағы үшін үлкен бақыт емес пе?! Инабатты келіні Кәмила енесінің асты-үстіне түсіп, дәмдінің барлығын ауызына тосуда. Немере-шөберелері күнде келіп тұрмаса да, телефон шалып, отанасының қал-жағдайын сұрасып тұрады. Ал тамаша дәстүрге сай 8-наурыз, Ұлыстың Ұлы Күні, Жеңіс мерекесі, Қарттар күні мен Тәуелсіздік күнінде отбасы мүшелерінің барлығы ақ дастарқан басына жиналып, арқа-жарқа болады. Бұдан бөлек әжеміз үйіне кел-

ген бар қонақты жылы шыраймен қарсы алып, әңгімесін айтудан еш шаршаған емес.

– Бүгінгі бейбіт еліміз үшін Аллаға мың да бір шүкір. Біз көрген қиыншылықты жастарымыз көрмей-ақ қойсын. Қазағым өсіп-өніп, көбейе берсін. Ұлдарымыз батыр, қыздарымыз дана болсын. Сәтті пайдаланып, жыл сайын жағдайымды сұрап, құрмет көрсетіп келе жатқан қала әкіміне, «Нұр Отан» партиясы мен халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басшылығына мың алғыс айтамын, – дейді кейуана.

Көмбенің үстіне шыққан Ұлтай әже кетер шағымызда маңдайымызды иіскеп, «Тәуелсіз еліміздің көк туы желбірей берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ұзақ жасай бер» деген ақ батасын берді. Біз де «әумин!» деп бет сыйпасып, сіз де ұзақ жасап, немере-шөберелеріңіздің ортасында есен-аман жүре беріңіз деген тілегімізді айтып тарқастық.

Қуаныш СЕЙДОЛЛАҰЛЫ.

● САЙЛАУ

Ақпараттық хабар

Қостанай облыстық филиал "Қазақстан-Қостанай" телевизия-лық арнасының (*бұдан әрі – Телеарна*) меншік иесі "Қазақстан" Республикалық Телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы (*бұдан әрі – БАҚ меншік иесі*) – "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын (*бұдан әрі – үгіт материалдары*): аудио материалдарды (аудиороликтерді) және аудиовизуалдық материалдарды (бейнероликтерді) 2015 жылғы 26 сәуірдегі кезектен тыс сайлауға қатысу үшін Телеарна орналастырудың төлем мөлшері, эфирлік уақытты ұсыну шарттары мен тәртібі туралы хабарландырады.

Сайлау алдындағы үгіт жүргізу 2015 жылғы 26 наурызда басталып, сайлау өтетін күннен бір күн бұрын жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады, яғни үгіт материалдарын эфирге орналастыру 2015 жылғы 24 сәуір сағат 24.00-ге дейін іске асырылады.

БАҚ меншік иесінің эфирлік уақыт ұсыну тәртібі мен жалпы шарттары:

Эфирлік уақытты беру Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткер ретінде тіркелген Кандидат немесе оның уәкілетті өкілі және БАҚ меншік иесі арасында жасасқан эфирлік уақыт беру туралы жазбаша келісім-шарттың және БАҚ меншік иесі бекіткен монтаждық парақтардың негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте монтаждық парақтар үгіт материалдары эфирге шығуының болжамды күніне дейінгі 5 (бес) жұмыс күннің ішінде, БАҚ меншік иесінің жазбаша өтініш түскен шақтағы техникалық мүмкіндіктеріне, яғни Телеарнаың эфирлік уақытында болжанып отырған уақыт интервалында жарнамаың болуына және/немесе болмауына сәйкес әзірленеді.

Телеарнада үгіт материалдарын орналастыру қазақ тілінде немесе екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде 50 де 50 тепе-теңдік мөлшерінде іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген келісім-шартқа қол қою үшін тіркелген Кандидат/ҚР Президенттігіне тіркелген кандидаттың мүддесін білдіретін өкілетті тұлға сайлауға қатысу үшін БАҚ меншік иесіне төмендегі деректерді көрсете отырып, жазбаша нысанда өтініш ұсынады:

1. Үгіт материалдарын орналастыру үшін эфирлік уақытты беру туралы жазбаша өтініштің берілген күні мен уақытын. Өтініш ҚР Президенттігіне үміткер кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналына әр бір өтінішке реттік нөмірін беру және өтініш түскен күнді белгілеу арқылы кезектілік ретімен тіркеледі;

2. Тіркелген кандидаттың аты-жөні/жазбаша өтінішті ұсынатын өкілетті тұлғаның аты-жөні;

3. Жазбаша өтінішті ұсынған тұлғаның уәкілеттіктерін растайтын құжатты. Тіркелген кандидат үшін – кандидаттың/ өкілетті тұлғаның уәкілетті мемлекеттік орган берген жеке куәлігі, кандидаттың/ өкілетті тұлғаның сенімхаты бар жеке куәлігі;

4. Үгіт материалдарының эфирге шығудың жоспарлы күні мен уақытын, үгіт материалдарының ұзақтығын;

5. Жазбаша өтінішті ұсынған тіркелген кандидаттың немесе өкілетті/сенімді тұлғаның қолын;

Жазбаша өтінішке сілтеме жасалған құжаттардың көшірмесі қоса беріледі.

Жазбаша өтініштерді БАҚ меншік иесі сенбі, жексенбі және демалыс күндерінен басқа, 2015 жылғы 20 наурыздан бастап 2015 жылғы 17 сәуірді қоса алғандағы мерзімде сағат 10.00-ден бастап 17.00-ге дейін, Қостанай қ., Әл-Фараби даңғылы, 126 үй, ҚОФ "Қазақстан-Қостанай" "Қазақстан" РТРК" АҚ мекенжайлары бойынша қабылдайды.

Факсимильді және Интернет байланыстары арқылы жіберілген жазбаша өтініштер қабылданбайды.

Тіркелген кандидаттардың үгіт материалдарын Телеарна эфирінде орналастыру кезектілігі өтініштердің келіп түсу уақыты бойынша немесе, өтініштер бір уақытта келіп түскен жағдайда, жөребе тастау арқылы белгіленеді. Жөребе тастау тәртібі мен шарттарын БАҚ меншік иесі анықтайды.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте сұралып отырған уақыт

өтінішті одан бұрынырақ ұсынған басқа кандидатқа беріліп қойған болса немесе техникалық мүмкіндіктер бойынша ұсыну мүмкін болмаған жағдайда БАҚ меншік иесі өзінің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақытты ұсынады.

БАҚ меншік иесіне үгіт материалдарын ұсыну тәртібі:

Үгіт материалдары БАҚ меншік иесіне эфирге шығатын күннен 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын үгіт материалының мазмұнын танытатын мәтін жазбасын қоса бере отырып, эфирлік уақытты ұсыну туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға немесе тіркелген кандидат қол қойған электрондық тасымалдағыштарда, үгіт материалдарында бейнесі пайдаланылған тұлғалардың жазбаша рұқсаттарымен, ал олар қайтыс болған жағдайда – олардың мұрагерлерінің жазбаша рұқсаттарымен, ал көмелетке толмаған балалардың бейнесін пайдалану орын алған жағдайда олардың ата-анасының, қамқоршысының немесе тәрбиешісінің жазбаша рұқсатымен ұсынылады.

Үгіттік дыбыс-бейне материалдары DVCPRO HD немесе XDCAM HD 50 Мбит/сек кодталған форматта, profile 4:2:2, секундныа 25 кадр, HD стандартындағы кадр мөлшерімен, interlaced жазба түрімен, өрістердің қойылу тәртібі – үстіңгі бірінші өріс (top field first), дыбысы және тайм-коды қойылған кадрдың арақатынасы 16:9 электрондық тасымалдағыштарда ұсынылады. Үгіт материалдарының төленгені, қаржыландыру көзі, ақпарат ұсынған тұлғаның тегі туралы дыбыстық немесе визуалдық ақпарат үгіт аудиовизуалды материалдарында қамтылуы тиіс.

Егер үгіт материалдарында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күштеп өзгертуді, аумақтық тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас уруды, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскери құрылымдарды құру туралы мәліметтер болса, БАҚ меншік иесі ондай үгіт материалдарын эфирге шығарудан бас тартады.

Егер үгіт материалдарында тіркелген басқа кандидаттардың арнамысына, абыройына және іскерлік беделділігіне нұқсан келтіретін ақпарат болса, БАҚ меншік иесі ондай үгіт материалдарын эфирге шығарудан бас тартуға құқылы. Осындай материалдарды ұсынұшы тіркелген кандидат БАҚ меншік иесінің талабы бойынша үгіт материалдарында жоғарыда аталған ақпараттың шындығын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Үгіт материалдары мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңның талаптарына сәйкестігі оларды ұсынған кандидаттың персоналды жауапкершілігіне жатады.

Егер осы хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп, сондай-ақ тиісті келісім-шартта көрсетілген шарттар бұзылған жағдайда үгіт материалдарын эфирге шығару жүргізілмейді немесе олар жойғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген эфирлік уақыт берудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Үгіт материалдарын орналастыруға берілетін эфирлік уақыттың төлем мөлшері мен тәртібі			
1	Қызмет атауы	Хронометражы	Теңгедегі құны, соның ішінде ҚҚС
ҚОФ "Қазақстан-Қостанай" телеарна			
1	Бейнероликті орналастыру (жұмыс және демалыс күндері)	1 минут	24 000 (жиырма төрт мың теңге)

Жасасқан шарт бойынша төлем БАҚ меншік иесі төлемге белгілеген шот негізінде меншік иесінің деректемелеріне осындай шот шығарылған сәттен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүзеге асырылады.

ҚОФ "Қазақстан" РТРК" АҚ директоры А. ТАТАНОВ.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" заңына сәйкес сайлауалды науқанды өткізу кезеңінде облыстық "Қостанай таңы" газетінде жарияланатын Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидаттардың материалдарына келесі баға белгіленді:
1 ш.см үшін – 12% ҚҚС-ты қоса алғанда 140 теңге.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" заңына сәйкес сайлауалды науқанды өткізу кезеңінде облыстық "Қостанай таңы" газетінде жарияланатын Қостанай облыстық мәслихаты депутаттығына кандидаттардың материалдарына келесі баға белгіленді:
1 ш.см үшін – 12% ҚҚС-ты қоса алғанда 80 теңге.

Сведения о размере оплаты, условиях и порядке предоставления печатной площади в районной газете "Нұрлы жол" для избирательной комиссии и кандидатов в президенты Республики Казахстан

1. Условия и порядок предоставления печатной площади:
Редакция районной газеты "Нұрлы жол" предоставляет возможность соответствующим избирательным комиссиям опубликовать сообщения и информацию о ходе предвыборной кампании.
Редакция воздерживается от публикации агитационных материалов заведомо порочащих честь, достоинство и деловую репутацию кандидата; предоставляет возможность кандидатам бесплатно опубликовать опровержения в защиту чести, достоинства и деловой репутации на той же странице, в том же объеме и тем же шрифтом в ближайшем номере после поступления обращения.
Редакция на договорной основе предоставляет печатную площадь всем без исключения зарегистрированным кандидатам на одинаковых условиях. Очередность опубликования материала кандидатов устанавливается в порядке поступления письменных обращений.
2. Расценки на размещение и разработку агитационных материалов.
В целях создания равных условий в предвыборной агитационной кампании, стоимость размещения предвыборных материалов кандидатов объемом 1 кв.см. – 150 тенге. Стоимость разработки материалов – 50% от стоимости размещения.
Стоимость размещения материалов избирательной комиссии за 1 кв. см. – 150 тенге.
Стоимость площади может быть скорректирована в случае, если оплата осуществлялась из средств государственного финансирования.
Директор ТОО "Редакция Узункольской районной газеты "Нұрлы жол" Р.ШАКАНОВА.

Сведения о размере оплаты, условиях и порядке предоставления печатной площади в районной газете "Сарыкөл" для избирательной комиссии и кандидатов в Президенты Республики Казахстан

1.Условия и порядок предоставления печатной площади:
Редакция районной газеты "Сарыкөл" предоставляет возможность соответствующим избирательным комиссиям опубликовать сообщения и информацию о ходе предвыборной кампании.
Редакция воздерживается от публикации агитационных материалов заведомо порочащих честь, достоинство и деловую репутацию кандидата; предоставляет возможность кандидатам бесплатно опубликовать опровержения в защиту чести, достоинства и деловой репутации на той же странице, в том же объеме и тем же шрифтом в ближайшем номере после поступления обращения.
Редакция на договорной основе предоставляет печатную площадь всем без исключения зарегистрированным кандидатам на одинаковых условиях. Очередность опубликования материала кандидатов устанавливается в порядке поступления письменных обращений.
2. Расценки на размещение и разработку агитационных материалов.
В целях создания равных условий в предвыборной агитационной кампании, стоимость размещения предвыборных материалов кандидатов объемом 1 кв.см. – 150 тенге. Стоимость разработки материалов - 50% от стоимости размещения.
Стоимость размещения материалов избирательной комиссии за 1 кв.с.м – 150 тенге.
Стоимость площади может быть скорректирована в случае, если оплата осуществлялась из средств государственного финансирования.
Главный редактор ТОО "Редакция газеты "Сарыкөл" А. МУСАТОВА.

"Арқа дидары" ЖШС-гі Қазақстан Республикасының Президентіне сайлау шеңберінде сайлауалды сөйлеушілер мен Сайлау комиссиясының жұмыстарын түсіріп эфирден беру үшін бағасынан ақпарат береді.
Бағдарламасымен сөйлеушінің 1 минуты – 8000 теңге
Сөйлеушіні бағдарламасымен эфирден беру – 8000 теңге
Сөйлеушінің бейнебағдарламасымен эфирден беру – 10000 теңге

ТОО "Арқа дидары" доводит до сведения заинтересованных органов и лиц информацию о размерах оплаты за трансляцию материалов избирательной комиссии, а так же предвыборных выступлений в рамках выборов Президента РК.
Запись выступления с программой 1 минута – 8000 тенге
Трансляция выступления с программой 1 минута – 8000 тенге
Трансляция видеоролика 1 минута – 10000 тенге

Сведения о размере оплаты предоставленной печатной площади в газете "Маяк" Тарановского района кандидатам в Президенты Республики Казахстан и избирательным комиссиям

Редакция предоставляет возможность соответствующим избирательным комиссиям опубликовать сообщения и информации о ходе предвыборной кампании и итогах выборов. Стоимость размещения материалов избирательных комиссий – 95 тенге за 1 кв.см.
Редакция на договорной основе предоставляет печатную площадь всем без исключения зарегистрированным кандидатам на одинаковых условиях. Стоимость 1 кв.см. на первой полосе – 283 тенге, на других – 147 тенге.

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Ең мықты құрал – АҚПАРАТ

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Соңғы уақытта ел бірлігіне кері әсерін тигізетін оқиғалардың жиілеп кеткені рас. Еліміздің бірқатар аймағында бой көрсеткен мұндай келеңсіздіктердің түпкі себебі діннің атын жамылған теріс пиғылды ағымдардың халықты (әсіресе жастарды) адастырып, лаңкестікке апаратын әрекеттерінен шығатыны шындық. Сондықтан жұрттың діни нанымына көлеңке түсіретін мұндай жағдайды дер кезінде тезге салып, танымын күшейткен жөн. Осы мақсатта өзімізге жалпы діни сауаттылық жайлы кеңінен ақпарат беретін республикалық ақпараттық үгіт-насихат тобының мүшесі, "Незримый фронт" деректі фильмінің режиссеры Руслан Иржанов арнайы келді. Облыстық әкімдікте өткен басқосуға жоғары оқу орындарының оқытушылары, дін және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Руслан Иржанов жастар-

дың діни, конфессияаралық қақтығыстардың тарихы және олардың салдарынан хабардар, өздері сауатты болуы керектігін атап көрсетті. Оның айтуынша, ақпарат майданы адамзат тарихының әр дәуіріне тән. Белгілі бір мақсатқа соғыссыз жету үшін мүдделі топтар ел арасында жалған ақпарат таратады. Мәселен, Жапон халқының тарихында билікке қарсы топтар самурайлар үшін абырой болып есептелетін бұрымдарын кесу туралы император үкім шығарады деген қауесет таратады. Шындыққа жанаспайтын ақпаратқа сенген ең мықты ұшмың самурай император ордасының алаңына шығып, өздерін-өздері өлтіріп тынған. Сол сияқты кеңес үкіметі кезінде шетел тыңшылары да таралу жылдамдығын және тұрғындарға әсерін зерттеу мақсатында ел арасына әртүрлі алыпқашпа өңгімелер таратып отырған. Оларды АҚШ-тың арнайы қызмет орталықтарында шығарып, Кеңес Одағына әдейі тарат-

қан. Қазір де ақпарат майданының қарқыны мықты. Мәселен, Американың қорғаныс министрлігінде ақпарат таратумен және әлеуметтік ақпараттық бағдарламаларды енгізумен айналысатын елуден астам арнайы ұйымдар жұмыс жасайды. Қазірдің өзінде ақпарат майданының айла-тәсіліне өбден машықтанған алпауыт мемлекеттерде көп қаражат жұмсалатын мықты идеологиялық жұмыстар жүргізіліп жатқаны анық, – деді Руслан Самарханұлы.

Діни экстремистік ағымдарға қарсы күресте ең күшті құрал – ақпарат. Ол тек фильмдер түсірумен ғана шектелмейді. Ондай ұйымдардың жетегіне еріп кетпеуі үшін адамның санасына әсер ететін электрондық ақпарат құралдарының, телеарналар мен газет-журналдардың ықпалын барынша пайдалану керек, деді жиналғандар.

Басқосу соңында қоғамдық ұйым өкілдері осындай сұхбат алаңы жиі өткізілсе деген тілектерін білдірді.

● ШАҢЫРАҚ



Ананың ақ тілеуі

«Ардақты Ана» атағының және «Алтын алқа» иегері Нағима Биғалиқызының өмірі жастарға өнеге

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда туып, қазақы тәлім-тәрбие алып өскен Нағима Биғалиқызы келімі келген, иба-инабаты мол кісі. 19 жасында 1960 жылы ауданымыздың азаматы Фазыл Мұсаұлымен көңіл жарастырып, отау тіккеннен бері сол шаңырақтың құт-берекесі болып келеді. Нағима апа он баланы өмірге әкелген. Ең үлкені – Мұрат, осыдан бірер жыл бұрын қайтыс болды. Одан кейін Болат, Гүлнар, Талғат, Жалғас, Гүлжан, Гүлшат, Дастан, Ләззат, Гүлім атты балалары бар. Осы ұл-қыздарынан 26 немере, 2 шөбере сүйіп отырған бақытты жан. Асып-саспайтын, сабыр иесі Нағима апа жиырма жыл аудандық орталық ауруханада кассир болып қызмет жасапты. Одан кейін аудандық банкте он бес жыл бойына касса меңгеруші болып тиянақты жұмыс жасаған. Осы жерден зейнеткерлікке шыққан. Ері Фазыл Мұсаұлы болса аудандық банкте жиырма бес жыл бас бухгалтер болған. Одан кейін аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында экономист болып қызмет істеген. Апай құдай қосқан қосағы Фазекенді ризалықпен еске алады.

– Ағаң өте сабырлы, көп сөйлемейтін, ісіне мығым, отбасына, қызмет істеген ұжымына, ағайын-туысқа жайлы азамат еді. Өттең, өмірден сәл ертерек кетті. 1936 жылы туған ғой, 1987 жылы 50 жастан аса бере дүниеден өтті. Шүкір, балалары жаман болған жоқ. Тұңғышымыз Мұрат – әкесінің жолын қуып, аудандық банкте тұрақтап жұмыс істеді.

Ал Болатымыз – ауданымыздың белгілі спортшысы. Аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімін көп жылдардан бері басқарып келеді. Гүлнар, Гүлжан, Гүлшаттымыз – әке жолын қуған бухгалтерлер, Талғатымыз бен Жалғасымыз – кәсіпкер. Дастанымыз – аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде бас маман, Ләззатымыз – Арқалық қаласында электр жүйесінде, Гүліміміз – ауданымыздағы Ү.Алтынсарин атындағы орта мектепте ағылшын пәнінің мұғалімі болып жемісті қызмет жасап жүр. Бәрі де өмірден өз орындарын алған. Балалы-шағалы.

Бала жақсы болса – ата-ананың көңілі қуанышқа кенеледі. Ал баласы өмірден орнын таппаса ата-ана қиналады. Осылардың бәрін саралай келгенде мен құдай берген бақытты аналардың бірімін. Құдаларым да, күйеубалаларым да өзіміз секілді қарапайым да инабатты



жандар. Сыйластығымыз, туыстығымыз жақсы деңгейде. Күн сайын Алладан осы татулығымызға тіл тимесін деп отырамын. Адам баласы өмірге тоймайды ғой. Бүгінде 2 шөбере сүйсем, енді Алла қаласа шөпшек сүйсем деген ниетім бар. Онымды бір Жаратушының өзі біледі. Ағайын-туыспен, ілік-жекежаттармен араласымыз қалыпты жағдайда. Туып-өскен ауданымыздың, Қостанай мен Қазақстанымыздың өсіп-өркендей беруін тілеп отыратын ананың бірімін. Қазір жастардың өмірден орындарын алуына мүмкіндік мол. Ерінбеген жас кәсіп істеп, өзіне де, еліне де пайда келтіруі керек. Мен балаларыма ылғи осыны айтатынымын. Сол айтқанымды орындап, кәсіппен айналысып жүрген балаларым жақсы нәтижелерге қол жеткізуде, – дейді Нағима апа.

Бұл кісінің бойынан аяулы анаға тән асыл қасиеттердің бәрін көруге болады. Ең бастысы қалыптан айнамайтын, қуанса да, қиналса да өзін ұстай білетін, береке, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын жақсы меңгерген, көңілі марқайса тасымайтын, көңілі түссе жасымайтын тәзімді, көнтерлі кісі. Осы қасиеті оның балаларының да бойына дарыған. Қай баласы да анасы мен әкесінен алған тәлім-тәрбиеге сай болып өскен.

Мусиндер әулеті – бүгінде алып бәйтеректей қанат жайып, көбейіп, көркейіп отырған әулет. Олардың ынтымақ-бірлігінің туыстығы мен сыйластығының артуына Нағима апайдың ықпалы зор. Ол дастархан басында болсын, ағайын арасында болсын «Береке – бірлікте, бірліксіз – береке болмайды, ынтымақсыз іс алға баспайды» деп отырады.

Апай қазіргі күні Дастан деген баласының қолында. Болат бастаған балалары аналарына сәулетті етіп үй салып берген. Іші – кірсе-шыққысыз. Сол сияқты олар бірігіп әр қайсысының үйлеріне де бүгінгі өркениетті уақыт талабына сай еврожөндеу жасап, сырты мен ішін сай етіп көркейтіп қойған. Мусиндердің қолдары алтын. Бірігіп кеткенде талай шаруаны жасай алады. Бәрі де шебер құрылысшы.

Нағима Мұсакеліні – бүгінде Еламан әулетіндегі жасы үлкен ардақты әженің бірі болып отыр. Бұл үлкен жауапкершілік екенін ол кісі жақсы түсінеді. Сондықтан да, кейінгі абысындары мен барлық келіндерінің тату-тәтті, ынтымақ-бірлікте болуына ерекше мән береді. Сол сияқты, осы әулеттің, соның ішінде Мұса атасынан тарайтын қыздардың да бірлігіне, ынтымағына жіті көңіл аударады. Ағайын-туысқа да, аудан халқына да, өз замандастары арасында да сыйлы, құрметті. Осы өмірінде ешкіммен жүз шайысып көрмепті.

Әйелдер мерекесі қарсаңында 74 жасқа толғалы отырған Нағима апа ауданымыздың мақтан тұтатын аналарының бірі. Ол бұл абыройға отбасының берекесін келтірумен, өмірге он бала әкеліп, соларды мәпелеп бағып-өсіріп жеткізумен, ата-енесін сыйлаумен, көрші-көлем мен ағайын-туысты құрметтей білумен бөленіп отыр. Бұл кісіні нағыз қазақы ана деп айтсақ еш артықшылығы жоқ.

СУРЕТТЕ: «Ардақты Ана», «Алтын алқа» иегері, еңбек ардагері, зейнеткер Нағима БИҒАЛИҚЫЗЫ.

Суретті түсірген автор.

Нәзік жандар әрдайым қатарда

Аяулы асыл жандар өмірімізге көктем нұрындай шуақ берген сұлулық пен пәктіктен жаралған. Жер-дүние жаңарып, табиғат-ана оянатын көктемнің өмірдің мәні мен сәні саналатын әйелдер мерекесінен басталуы тегін болмаса керек. Осынау көктемгі тамаша мереке – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында газет-журналдардың алғашқы беттері біздің аналарымыз, апаларымыз бен сіңлі-қарындастарымыз, қыздарымызға арналады. Қазіргі таңда әйелдер араласпайтын сала жоқ деуге де болады. Қоғамның барлық саласында жауапты қызметтердің тізгінін ұстап жүрген асыл жандар көп. Сол сияқты Жанкелдин аудандық прокуратурасында арулар ер-азаматтармен қатар ауыр жүкті арқалап, елге қызмет етіп келеді. Мейрамкүл Шәмшиденқызы өз еңбек жолын 2006 жылы туған жері Аманкелді ауданы прокуратурасының кеңсе меңгерушісі қызметінен бастады. Қазір Жанкелдин ауданы прокурорының аға көмекшісі қызметін атқарып жүр.

Қазақы тәрбиені бойына сіңірген Мейрамкүл Қозбақ қарапайым отбасынан шыққан. Бүгінде екі баланың анасы. Отбасының ұйытқысы, сүйікті жар. Достарына сыйлы, әріптестерінің ортасында абыройлы.

Аудан прокурорының аға көмекшісі қызметін атқару барысында әлеуметтік-экономика саласындағы заңдылықтарды қадағалау жұмысында және тағы басқа салаларда бірталай жұмыстар атқарып,



өзінен кіші қыздарға үлгі көрсетіп келеді.

Құқық қорғау органы қызметінің ыстығы мен суығына қарамай қызмет етіп жүрген Мейрамкүл өзінің жеке уақытымен санаспай, жұмысқа да үлгіріп, өзінің ана екенін, үйдегі тіршіліктерін де ұмыт қалдырмайды. Жауапкершілік деген ауыр жүкті абыроймен арқалап жүрген Мейрамкүл сияқты асыл аруларымыздың еңбектері өте зор.

Жанкелдин аудандық прокуратурасы.

Қос мереке иесі

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Аманкелді ауданына қарасты Үрпек ауылындағы Достанбаевтар отбасы 8 наурыз күні қос мерекені атап өтеді. Оның бірі – Халықаралық әйелдер күні. Ал екіншісі – шаңырақтың ұйытқысы болып отырған кейуана Еркеш әжейдің туған күні. Мінекей, алдағы екі күннен соң қарт ана 91 жасқа толады.

Еркеш әжені ауылдағы ағайынның бәрі біледі десек қателеспеспіз. Ол кісінің өнегелі ғұмырын үлкендер жағы мақтана айтады. Өнегелі ғұмыр деуіміздің жаны бар сияқты. Себебі әжеміз сонау Ұлы Отан соғысы жылдарында небір қиыншылықпен бетпе-бет келді. Отағасы Кәкіміш атай соғыс басталысымен майданға аттанған. Артында қалған бес үйлі жанды Еркеш әжей жалғыз өзі асырады. Үй мен түздің жұмысына қатар араласып, бел жазбай еңбек етті. Жоқшылық, ауыртпалыққа сағы сынбай соғысқа кеткен отағасын сарыла күтті. Сол кездегі әжейдің тылдағы өлшеусіз еңбегі ақын-дардың жырларына арқау болып, газет беттерінде жарияланды. Жергілікті басылымға шыққан мақалада «Әбжанова Еркеш 100 сиырдан 96 бұзау алды» деп жазылған. Жергілікті ақын Құтжан мен Дәмешақтың айтысында:

Еркешім күндей балқып Нұрланып жүр,
100 бұзау, 100 сиырдан жылда алып жүр.
Тапқырлық, табандылық, батырлыққа,
Мәншүктей қаһарманнан үлгі алып жүр, –



деп кейіпкеріміздің еңбегі туралы айтылған.

Соғыс аяқталған соң отағасы Кәкіміш атамыз елге аман-есен оралды. Бейбіт заманды көріп, 87 жасында бақилық болды. Еркеш әжей тоғыз құрсақ көтеріп, соның алтауын аяқтандырды. Қазіргі уақытта бес баласының көзі тірі. Олардан тараған ұрпақ еркелеп өсіп келеді. Өз ананы үлкен ұлы Мейрамхан мен келіні Өнүпаш алақандарында аялап отыр.

Кейіпкеріміздің жасы тоқсаннан асқанын айттық. Оның әкесі Әбжан Құндызбаев та көп жасаған кісі. Жүз жасқа толуға алты ай қалғанда дүниеден озған екен. Аманкелді Иманов бастаған көтеріліске қатысып, жүзбасы болған деседі.

СУРЕТТЕ: Еркеш Әбжанова шөбересі Асылаймен бірге

● ОТБАСЫ – БАҚЫТ ОРДАСЫ

Алқа таққан

асыл жандар



Наурыз

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Шыр етіп дүниеге келген жанға жарық сәуле сыйлаған аналардың орны бөлек. Аналарға қанша құрмет көрсетілсе де артық етпейді. "Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да парызыңнан құтылмайсың" деген. Перзенті үшін түн ұйқысын төрт бөліп, тағдырдың тауқыметіне жасымаған асыл аналар Арқалық өңірінде де аз емес.

Ж.ҚАБДЕНОВА,
"Алтын алқа" иегері

Жалғызтал ауылының тұрғыны, "Алтын алқа" иегері Жүрсін Тоқсейітқызы өзі өмірге әкелген 9 баладан 23 немере, 12 шөбере сүйіп отыр. Жолдасы Нағашыбай Қабденов ұзақ жылдар бойы ауылда малшы болды. Екі жас еңбектен қол үзбей жүріп, балаларын өсіріп жеткізді. Отағасы ерте дүниеге салды. "Орнында бар оңалар" деп балалары өке орнын жоқтатпай аналарын аялап бағып отыр.

"Өке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер" дегендей, балаларының бәрі қалаған мамандықтарын меңгеріп, өмірден өз жолдарын тапқан. Өрі бір-екі баламен шектелмей, ерістерін кеңейтуде.

– "Алтын алқа" алғаныма ризамын. Жас келіндер біздің жолымызды қуып, бала-шағаларын біз сияқты тәрбиелеп, аман-есен өсіре берсін, – дейді Жүрсін апа.

Д.АЙМАНОВА,
"Күміс алқа" иегері

Жалғызтал ауылының тұрғыны, "Күміс алқа" иегері Дариға Сұлтанбекқызы 6 бала өсірді. Осы балаларынан көрген 8 немересі бар. Жолдасы Мереке Айманов ауылда көп жылдар бойы шопыр болған. Өкінішке қарай бейнетінің зейнетін көре алмады. Ал, Дариға апай болса әлі күнге дейін мектепте еңбек етеді.

– Балаларымның бәрі ауылдағы Т.Әубәкіров атындағы мектепті бітірді. Енді осы мектепте немерелеріміз оқып жатыр. Бақыт деген осы. Жағдайымыз жақсы. Үкіметіміз қандай көмек керек болса да, беріп жатыр. Жас аналарға айтарым, бір баламен шектеліп қалмай, бес-алты баланы дүниеге әкеліңіздер. Біз сияқты аналардың жолын қуып, аналық мол бақытқа кенеле берсін, – дейді Дариға апай.

Ж.БЕЙСЕНБИНА
"Алтын алқа" иегері

Көктау ауылының тұрғыны, "Алтын алқа" иегері Жаңылдық Шаханқызының 7 баласы, 6 немересі бар. Жұбайы Серік Байкелдіұлы екеуі кезінде малшы болып еңбек еткен. Қазір немерелерінің атымен "Мұхтар" деген жеке шаруа қожалығын ашып, екі жылдан бері ауыл іргесіне бақ-

ша егіп, көсіп көзін бастап жатыр. Келешекте мал алып, шаруашылықтарын кеңейткісі де келеді.

– Отағасымен отыз жылға жақын бірге өмір сүріп келеміз. Құдайға шүкір балаларымыз өсіп жетіліп, "Ұлды – ұяға, қызды – қияға қондырып" дегендей қалыпты өмір сүріп жатырмыз. Өз алдымызға еңбегімізді жасап, соның жемісін көрсек дейміз.

Елбасына үлкен алғысымызды айтамыз. Аналарға жасап жатқан құрметі жоғары. Мамыражай тірлік кешіп жатқанымыз сол кісінің арқасы. Алдағы болатын сайлауға Н.Ә.Назарбаевтың қатысуын тілеймін, – дейді Жаңылдық апай.

Иә, мұндай алтын құрсақты аналар қазақтың әр ауылынан табылады. Олардың қай қайсымен жүздесе қалсаңыз да тілейтін тілегі елдің амандығы, жас ұрпақтың бақытты ғұмыр кешуі. Дүниенің мәні мен сәні өздеріңіз.

Мерекелеріңіз құтты болсын, аяулы аналар! Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: Алқалы аналар.
Суреттерді түсірген автор.

● КЕЛБЕТ



тақырыбында баяндама оқу нәтижесінде Республикалық 3 - дәрежелі дипломмен марапатталды. Ізденімпаз ұстаз Сонымен қатар "Жасөспірім және заң" атты авторлық жұмысы "Оңтайлы тәжірибе" қатарына ұсынылып, бүгінде облыстық кезеңге дайындалу үстінде. 2012 жылдан бері ұжымның сенімімен кәсіп-одақ төрайымы болып тағайындалып, әріптестерін "Сосновый бор", "Мерке" сияқты ку-

Жар.
Ана.
Ұстаз

Қазіргі заманғы даму әйелдерден отбасында да, қоғамда да белсенді болуын талап етеді. Елбасымыз "Әйел – отбасының, сонымен қатар мемлекеттің де тірегі" деп дәстүрлі Жолдауында да атап өткендей еңбекқор әйелдердің еңсесі әрдайым биік.

Оның ішінде ұстаздық еңбектің жолы ерекше. Ол еліміздің экономикасы серпінді дамыған 30 елдің қатарына кіруге өз үлесін қоса алатын жеке тұлға жауапкершілігін мойнына жүктейді. Осындай қиындығы мен қызығы мол еңбекті өмірінің мақсаты тұтқан жанның бірі Рудный қаласының тарих пәнінің мұғалімі Жанар Махатова. Ұстаздық ету оның балдай тәтті балалық шағының арманы болатын. Таудай талап пен ерен еңбек биікке жетелейді деп тегін айтылмаса керек. Бірақ, мектеп бітірісімен ата-анасының қалауымен қаржы саласын таңдады. Дегенмен, жүрек қалауымен көңіл түкпірінде ұстаз болсам-ау деген ой жатқан еді. Ақыры орындалды да.

2010 жыл. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын тәмамдап көкірегіне білімнің қарлығашы ұя салған жас қыз, сол қалада Макаренко мектебінде ұстаз атты баспалдақтың алғашқы сатысына аяқ басады. 2010 жылы Рудный қаласына қоныс аударады.

Жаңалыққа құштар, педагогикалық жаңалықтарды назардан тыс қалдырмайтын, ізденімпаз мұғалім ұжымның назарына бірден ілікті. Ерінбегеннің еншісі басым. Астанада өлкетану ғылыми жобасында "Қазақстандағы көші-қон үдерісі"

порт аймақтарына баруды ойластыруымен қатар тұрғын үй мәселесінде де жас мамандарға қолдау көрсетуден жалыққан емес.

– Ол жас болса да ұжымның анасы. Сабақ беріп қана қоймай, әріптестерінің әлеуметтік жағдайымен да санасады. Қайырымдылық шараларында да белсенділікпен ұйымдастырады. Дарынды шәкірттері облыстық, республикалық білім додасында ұстаздарының сенімін ақтап жүр. Отбасын да жақсы танымын. Балалары тәрбиелі, әдепті. Жанар шәкірттерін де балаларынан кем көрмейді. Оның ықыласына орай шәкірттері жанында үйіріліп жүреді – дейді әріптесі Әмина Шынтемірова.

Иә, расында да отбасы салмағы мен ұстаздық еңбекті қатар алып жүрген жанның да жүрек-жарды пікірі осы.

– Ерте кетіп кеш оралсам да қабағын шытпай қарсы алатын жарым Амантайға дән ризамын. Екі балам да ер бала болғандықтан болар, олардың тәрбиесіне бірге атсалысады. Жұмысыңды шабытпен істеу үшін де отбасы қамқорлығы керек екен. Бұл жағынан жолым болды – дейді Жанар ағынан жарылып.

Роза ЖАРҚЫНБЕКОВА.
Рудный қаласы.



● ӨНЕР



Роза БАГЛАНОВА:

«Жер бетінде мен бармаған ел, ән айтпаған сахна аз шығар. Мен сахнаға жаратылған өте бақытты әйелмін. Жалпақ қазақтың Розасымын. Мен халқымның арқасында ештеңеге зәру емеспін. Қазақ деген халықтың еркесімін. Тағдырыма, еліме ризамын».

Сәлім
МЕНДІБАЙ

– Куаныш Өтешұлы, өзің ұзақ жылдар бойы Роза апаның қасында жүріп, әлемнің талай елдерін бірге аралап, әншінің ел ықыласына, халық сүйіспеншілігіне бөленгеніне куә болдың. Оңаша бір сәттерде өзіңмен сыр бөлісетін бе еді? Аяйдың өнер өлкесіне келуіне кімдердің ықпалы болды екен?

– Өзінің айтуына қарағанда, әжесі жан-жақты талантты адам болыпты. "Әнші болатын, поэзияны, әсіресе, қазақ эпосын жақсы білетін, Сыр бойынан шыққан небір дүлдүл ақындардың жырларын жатқа айтатын. Он саусағынан өнері тамған ісмер де болған" дейтін әжесі жайлы. Анасы Ақкүріш те тамылжыта ән салатын қабілетті жан болыпты. Роза апай мектептен соң, Қызылорда педагогикалық институтына түскен екен. Кенеттен әкесі қайтыс болып, жағдайлары қиындайды. Сөйтіп, студенттеріне жатақхана мен тамақ беретін Ташкенттегі Тоқыма институтына ауысыпты. "Үйдің тірлігін жасай жүріп, ән салушы едім. Бірде есіктің алдын сыпырып жүріп әндеткен қыздың даусын естіп, өзбек филармониясының директоры "Ән айтқан кім?" деп іздеп келді. Ол Кари Якупов әка еді. Сол кісі менің әншілік өмір жолымды, бағымды ашты. Әканың көмегімен Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамбліне әнші болдым. 1941 жылы Москва консерваториясына жолдама алғанымда соғыс басталып кетті. Сол ансамбльмен Ұлы Отан соғысы жылдары майданды аралап, өнер көрсетіп, 1945 жылы 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатыстым. Менің Өзбекстаннан Қазақстанға келуіме тікелей себепші болған – ақын ағамыз Жұбан Молдағалиев. Жұбан ағаның қолдауымен 1949 жылы елге келдім. Әкемдей қамқоршы болған біртуар азаматтың жақсылығын ұмытпаймын" дейтін өмір жолы жайлы. Тіпті, Роза апайдың 1949 жылы жастар мен студенттердің Будапеште өткен II Халықаралық фестиваліне қатысуына да Жұбан аға қамқорлық жасапты. Сонда ғой, әйгілі "Ах, Самара-городокты" айтып, бас бейгені алғаны.

– Роза Тәжібайқызы орыс әндерін де құлақ құрышын қандыра орындайтын. Тіпті орыстың әйгілі композиторы Соловьев-Седойдың өзі оған арнап ән

жазды деседі...

– Солай дейді. Мәскеуде Розаның әнін тыңдап, сүйсінген Соловьев-Седой бетінен сүйіп, "Қаракөз, мен саған ән арнаймын" деп уәде етіпті. Көп ұзамай "Тальяночка" әні шықты. Оның өлеңін өрген – Андрей Фатьянов деген орыстың ақыны. Бір ғажабы, әнші апайымыз қай елге барса да, сол елдің тілінде ән айтатын. Оның репертуарында орыс, өзбек, тәжік, қырғыз, поляк, венгр, қытай, моңғол, үнді халықтарының әндері баршылық еді. Әрі сол әндерді жоғары деңгейде орындайтын. Бұған қоса, ақын Мұзафар Әлімбаевтың "Ақмаңдайлым", "Ақсұңқарым", (әні Шәмші Қалдаяқовтікі), сондай-ақ, "Кестелі орамал", әншінің төлқұжатына айналған "Ах, Самара, городок" сынды әндерді халық қанша тыңдаса да, ерекше ықылас білдіретін.

Роза апай Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында, ал 1949-1960 жылдары Қазақ филармониясында әнші болып қызмет етті. Ал кейінгі 50 жыл ғұмырында "Қазақконцерт" шығармашылық бірлестігімен байланысын үзген жоқ.

– Роза апай өнер адамдарынан кімдерді құрмет тұтты?

– Алматыдағы Фурманов көшесіндегі "Оптика" дүкені бар көп қабатты үйде Шәкен Аймановпен көрші тұрды. Роза апай қуырдақты, палауды баптап, дәмділеп пісіретін. Сонда Шәкен аға "Розаның қуырдағы мен палауы-ай" деп тамсана жейтін есімде. Сосын Шәмшіні ерекше құрметтеді. Ол кісі "Мені композитор еткен – Роза" деп әзілдейтін. Шәмші әндерінің сиясы кеппей тұрып, алдымен Розаға тыңдатып, орындататын. Қазақ радиосының алтын қорында әншінің 400-ден астам әні сақталып қалды, солардың 60-70 пайызы – Шәмшінің әндері. Кезінде Сәбит Мұқанов:

"Киіктің үйірілген лағындай, Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай! Таулардан, өзендерден, мұхиттардан, Үнінің кідірместен асуын-ай!.." – деп Алты Алаштың аймаңдай аруы Роза апайға жыр арнағаны, Мұхтар Әуезовтің де әнші өнеріне ерекше ықылас білдіргені көпшілікке мәлім.

Апамыз біздің Спандияр Көбеев атамыздың шығармашылығымен де жақсы таныс. Менің сол кісіге туыстығым барын білетін ол "Қуантай, бір сәті келгенде сенің еліңе барғым келеді" – деуші еді. Соның орайы Спандияр атамыздың 125 жылдық мерейтойы тұсында келді. Роза апам Қостанай жұртына, менің еліме риза болып оралды. Сергей балам (Сергей Кулагинді айтқаны) оңды кісі екен деп жүрді.

– Енді өзің туралы бірер сөз. Өнерге қалай келдің, Роза сияқты даңқты әншінің сеніміне ие болу да оңай болма-

ған шығар?

– Мен 1967 жылы қазіргі Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада және цирк колледжін "Көркемсөз оқу шебері" мамандығы бойынша бітіріп, Мәдениет министрлігінің жолдамасымен "Қазақконцерт" өнер ордасына қызметке орналастым. 1970 жылы Мәскеуде атап өтілетін Лениннің 100 жылдық мерейтойына орай Роза апайымыздың бригадасы гастрольдік сапарға шығатын болды. Ол кезде «Қазақконцерттің» директоры Александр Чернешов деген азамат еді. Бір күні сол кісі шақырып алып: «Роза Тәжібайқызы сені өзімен бірге сапарға шығуыңды сұрайды, сондықтан дайындал», – деді. Мен күтпеген қуаныш еді бұл. Әйгілі Роза апаймен бірге жүру, Мәскеуде өтетін үлкен жиынға қатысу... әрине, мені үлкен қуанышқа бөледі. Бірақ, әнші жұбайым Жібек екеуіміз екі бригадада боламыз, бұл жағдай біраз кедергі болды. Бірақ, не де болса "нартәуекел" деп, апаймен бірге аттандым. Концерт тамаша өтті, он бес одақтас елден келген өнердің кілең ығай-сығайлары, игі жақсылар Роза Бағлановаға орындарынан тік тұрып, қошемет көрсеткенінің куәсі болдым. Мәскеуден абыроймен оралдық, өңіріне медаль тақты. Келген соң, мені қасынан жібермей қойды, сол жылы әншімен бүкіл одақты, оның ішінде Украина, Молдова-сы бар, Орта Азияның 4-5 жерін аралап, концерт бердік. Мен – конференсьемін. Осыдан кейінгі сапарларда да апамыз мені үнемі қасынан қалдырмайтын. Америка еліне дейін бардық қой. Әсіресе, егемендік алғаннан кейін мен Роза апамның концерттерін ұйымдастыруда басы-қасында болдым. 1991-1992 жылдардағы қиын кездерде екеуіміз мектеп аралап кеттік. Сонда 25 теңгеден билет сатамыз, ол ақша қалтамызға түспейді, тапқан табыс «Қазақконцерт» қажеттілігіне жұмсалады.

– Біз Роза апайдың сахнадағы бейнесіне жастайымыздан тандана қарап, оның талғамына тәнті болып жүрік. Ал сахнадан тыс кезінде апамыз қандай еді?

– Иә, апайдың болмысы бөлек-тін. Сахнаға киетін киімдерін өзі тандаған үлгісімен тіктіретін. Үйде де, түзде де талғаммен киініп, әдемі жүретін. Көптеген шет елдерде болдық, сонда ол кісі қазақтың қос етек дүрия көйлегін, қынама бел қамзолын, үкісі бұлғандаған тақиясын киіп, жарқ етіп, сахнаға шыға келгенде жұрт ду етіп қол шапалақтайтын. "Бірде Ұлыбритания елінде бір үлкен басшы: "Қазақ әйелдерінің киген киіміне қарап-ақ олардың қандай халық болғанын тануға болады. Бұл киім байлық пен талғамды аңғартады", – деді.

Ал сахнадан тыс кезінде апамыз мүлде қарапайым еді, бауырмал болатын...

“ҚАЗАҚ ДЕТЕН

халықтың еркесімін”

Мұны айтқан Қазақстанның, Кеңес Одағының халық әртісі, Халық қаһарманы, қайталанбас ғажап әнші Роза Бағланова еді

Бүгін Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Алаштың аймаңдай аруы, ән өнерінің бағында сайраған бұлбұлы, халқының ерке қызы Роза Бағланова туралы сөз қозғауымыздың да өзіндік себебі бар. Өйткені енді бірер күннен соң Қостанай мен Рудныйдың сахналарында Роза салған әндер өзіндік өрнегімен қайта шырқалады. Бұл сахна саңлағын еске алу кештеріне әсем Алматыдан қазақтың әйгілі әншілері, халық әртістері Нұрғали Нүсіпжанов пен Сара Тыныштығұлова қатысады.

Мұндай тағылымы мол шараны ұйымдастыруға мұрындық болып, жанын салып жүрген сол Роза апасының қасында болып, оның концерттік бағдарламасының директоры, продюсері міндетін атқарған біздің жерлесіміз, "Қазақконцерттің" белгілі өнерпазы, Қазақстанның мәдениет қайраткері Куаныш Әбдіқалымов. Ол – Меңдіқара ауданы, Ақсуат ауылының тумасы, алпысыншы жылдары жаңадан ашылған эстрада-цирк студиясының түлегі, әйгілі көркемсөз оқу шебері, Қазақстанның халық әртісі Гүлжиһан Ғалиеваның шәкірті, бүгін Роза апасы атындағы қордың бас менеджері.

Куаныш Өтешұлымен сұхбатымыз, әрине, Роза Тәжібайқызы Бағланова туралы болды.



Төңірегіндегілерді «айналып, толғанып» жүретін.

– Куаныш Өтешұлы, қазақтың маңдайына біткен тамаша әншісінің есімін ардақтап, оның өнерін ол өмірден өткен соң да насихаттауға мұрындық болуың – ерекше ғанибет. Оның есімін халық жанында мәңгі қалдыру үшін қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– 1996 жылы Роза Бағланованы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Халық қаһарманы» атағымен марапаттап, сол жылы Алматыдағы "Самап-1" ықшам ауданынан 4 бөлмелі пәтер берді. Сол пәтері әнші көз жұмғаннан бері жабық тұр. Алдағы уақытта мұражайын ашып, ірі қалалардағы көшелерге, өнер ордаларына есімін беру сынды шараларды қолға алмақпыз. Қызылорда облысының Қазалы ауданының орталығындағы 400 орындық мәдениет сарайына, көшеге, мектепке Р.Бағланованың есімі берілді. Бұл іс әншінің туған жерімен ғана шектеліп қалмауы тиіс. Өткен жылы Астана, Алматы, Көкшетау, Петропавл, Павлодар қалаларында әншіні еске алуға арналған «Сағындым, апа, дауысыңды» атты ән кешін өткіздік, оған еліміздің әйгілі әншілері қатысты. Міне, енді наурыздың 13,14 күндері осындай еске алу кеші Қостанай, Рудный қалаларында өтпек. Оған әйгілі әртістермен қатар Роза апаларын пір тұтқан жергілікті өнерпаздар да қатысады деп күтілуде.

Түйін: Апамыз арманына жеткен адам. "Тоқсанға келгенше ән саламын" дейді екен халықтың сүйікті қызы. 2007 жылы Роза Тәжібайқызы 85 жасқа толғанда туған өңірі – Қызылордаға барып, аудандарды аралап, концерт береді. Сол кездегі облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммед жасы келген апасына "Концертті тек Қызылордада беріңіз, оған бүкіл аудандардан өкіл шақырайық", – десе керек.

Сонда Халық әртісі:

– Мен концертті өкілдер үшін емес, халық үшін беремін, – деп Жаңақорғаннан бастап, Аралға дейін ән салып өтіпті. Апамыздың туған күні 1 қаңтар екен. Өзі айтқандай, ән сала жүріп, тоқсан жасқа қараған шағында дүниеден өтеді.

"Әлемнің әйгілі әйелдері" қатарынан орын алған сахна шебері Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған болатын.

Қостанайдағы концерт 13 наурыз күні, сағат кешкі 7-де Балалар шығармашылығы үйінде, Рудныйда 14 наурыз, сағат 15.00-де өтеді.

Ақпараттық демеуші – «Қостанай таңы» газеті.

• ҰЛАҒАТ

Біздің бағымызға жаралған

Тамаша педагог Панна
Александровна Рыбалова туралы
шәкірттік толғаныс



Сұрапыл соғыстың аяқталғанына бес-ақ жыл, Әулікөл ауданы Қарақалпақ жеті жылдық мектебінің 5 сыныбында жетімдерге арналған интернатта жатып оқып жүрген кезім. Оқулықтарды айтпағанның өзінде, бүкіл дүние деген тапшылық болатын. Ал ұстаздарымызға келсек, көбі апайлар мен омыраулары ордендер мен медальдарға толы майданнан оралған ағайлар.

Жоғары білімді ұстаздар жоқтың қасы, бәрі дерлік соғысқа дейін басқа салаларда еңбек еткендер. Мысалы, шет тілі сабағын И.Росс деген, әйтеуір аты неміс, ағамыз, ал орыс тілін соғысқа дейін жұрттан салық жинаған ағайларымыздан оқыдық.

Әлі есімде, орыс тілі сабағында бір оқушы ағайға «мужской род», «женский род» дегенге түсінбейтіндігін айтты. Ағамыз болса бұл сөздерді, өзінің орысша сауаттылығына орай, сөзбе-сөз аударып берді. Сабақ арасындағы үзілістерде балалар бір-бірін, «еркек ауыз», «қатын ауыз» деп ызаландырып жүрді. Бұл біздердің орыс тілін қаншалықты меңгергеніміздің деңгейінің көрсеткіші болатын.

Ал мен өзіме келсем, төртінші сыныпты «Мақтау грамотасымен» аяқтап, бесінші сыныпта алдыңғы қатардағы оқушы болып саналдым.

Сол жылдың күзінде өмірімде өзгеріс болды. Қостанай қаласында милиция органында қызмет істеп жүрген Әлсейітов Сапа деген ағайымыз, мені қалада оқып, төлім-тәрбие алсын деп, Қостанайдағы Жамбыл атындағы /қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат/ жалғыз қазақ орта мектебіне алып келді. Бұған дейін бұрын-соңды қала түгіл, аудан орталығын көрмеген балаға облыс орталығы қандай әсер қалдырғаны айтпай-ақ та белгілі. Ормандай қаптаған орыстар бала жүрегімде үрей туғызып, елге деген аңсарым күшейе түсіп еді.

Әлі есімде, ескі мектеп ғимаратының ұзыннан созылған дәлізінде бірінші осы мектептің оқу ісінің меңгерушісі М.Шайхин ағайды кездестірдік. Аласа бойлы, етжеңді ағайды балалардың арасынан байқамай да қалдым. Ағамыз менің жетім екенімді және де жақсы деген жақтарымды,оның ішінде оқу озаты екенімді айтып жатты. Ағай мені басымнан аяғыма дейін қарап шығып, менің омырауымдағы ұшқыштардың бас киімінің маңдайына тағатын құстың қанатына ұқсас белгіні көріп: «мынау не» деп сұрады. Мен міңгірлеп бірнәрсе айтып үлгіргенімше ағасы: «Қазір алып таста, мектепте бұндай уақ-түйек өшекейлерді тағуға болмайды» деп қатаң ескертті. Аға-

ның өтініші бойынша мені 5 «а» сыныбының тізіміне қосты.

Сабаққа келген мұғалімдер менің білім деңгейімді білгілері келіп, өз пәндерінен сұрақтар қойып жатты. Шынын айтсам, олардың маған көңілдері толды деу шындыққа жатпаған болар еді. Өсіресе, қазақ тілі пәнінен сабақ беретін Шайхимова Мүршида апамыз, «шырағым, көбірек дайындал, білімің тайыздау екен» деген сөзі әлі есімде. Сонда

1982 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін апамыз ауылдан келген біздерге орыс тілінің қыр-сырын жалықпай үйретумен болыпты. Еңбек кітапшасындағы жазбалар тек қана мектептің нөмірі мен атының өзгеруіне ғана байланысты енгізіліпті. «1950-1960 жылдар №13 Жамбыл атындағы Қазақ ОМ», «1960-1983 жылдар Ы.Алтынсарин атындағы №1 Қазақ ОМ» деп жазылған.

Апамыз бір ғажап, біздерге орыс



П.А. Рыбалова отыз жылдан кейін 1955 ж.мектеп түлектерінің ортасында /1985ж./

ғана мен өзімді қатарымнан кейін қалып бара жатқанымды сезіндім.

Орманшының жанұясында туып-өсіп, қазақ ауылынан әрі шықпаған бала, орыс тілін бірден меңгеріп кетті деген, шындыққа сыймас. Ал, сыныбымдағы оқушыларға келсек, олардың бәрі дерлік осы қалада туып-өскендер, қазақшасынан орысшасы кем емес,үзілісте боса-болмасын өздеріне оңай тілде дабырласып жатады. Мен де осы қиыншылықты басымнан өткіздім.

Бірте-бірте орысшасына да үйрене бастадым, себебі бұл мектепте оқылатын пәндердің басым көпшілігі орыс тілінде өтеді екен. Және де бұл тілге деген қызығушылық орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Прасковья /Панна/ Александровна Рыбалова деген апамыздан дарыды десем шындық болар.

1950 жылдың қыркүйек айында Қостанай мұғалімдер институтының орыс тілі және әдебиеті факультетін қызыл дипломмен тәмамдаған студентін институт дирекциясы, келешегі бар маман ретінде, осы ұжымға ұстаздыққа қалдырыпты.

Бір ай өтер-өтпес, сол жылдың қазан айында жас маманды М.Шайхин ағамыз біздің мектепке ұстаздыққа шақырады. Содан бері 32 жыл бойы

тілін үйретуден жалықпайтын ұстаздардың ұстазы деуге болатын кісі еді. Ауылдан келген балалардың айтуына оңай болсын деп, апамыз өзін «Прасковья» деген атын «Панна» деп атап кетті, басқа атын біз білген де жоқпыз.

Апамыз біздерге орыс тілін үйрету жолында қаншама табандылық және төзімділік көрсетті дерсің. Оқырмандар конференцияларын, поэзия кештерін ұйымдастыру, әдебиет классиктерінің шығармаларынан үзінділерді сахналау т.т. Бұл ықтияттылықты қажет ететін жұмыссыз тілге деген сүйіспеншілік туғызып оны жақсы меңгеріп кету деген мүмкін болмайтын. Панна Александровна сабақтан тыс уақытын көбіне өзінің орыс тілі және әдебиеті кабинетінде оқушылармен өткізетін.

Республикалық орыс тілі кабинеттерінің байқау қорытындылары бойынша Панна Александровна талай рет Облыстық оқу бөлімі, Қазақ ССР ағарту министрлігі «Құрмет грамоталарымен» марапатталды.

1971 жылы мектеп жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жоғары көрсеткіштері үшін «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды, бұл жоға-

ры наградада апайымыздың да елеулі үлесі болғаны сөзсіз.

1972 жылы ол Мәскеудегі ХШЖК /ВДНХ/ қатысушысы болды. Оның Ы.Алтынсарин мектеп-интернатының тәжірибесіне негізделіп жазылған «Обучая воспитывать» атты еңбегі бірінші жүлде алып, ХШЖК жинағына енгізілді. Талай ғылыми-теориялық, мәтінді мәнерлеп оқудың педогогикалық конкурстарына /пед-чтение/ қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

1957жылы Челябин педагогикалық институтының орыс тілі және әдебиет факультетін сырттай үздік қызыл дипломмен тәмамдаған Панна Александровнаның орыс тілін қазақ мектептерінде оқыту туралы ғылыми еңбектері республикалық, одақтық журналдарда жарияланған көрінеді. Ол қазақ мектептеріне арналған орыс тілді оқулықтарды жазуға да атсалысыпты.

Апайымыз өте жұпыны киінетін, кейбір жас қыздардай жылтырақ металлдар мен тастарды ол кісінің бойынан көргеніміз жоқ. Мінезге бай, біздердің бір орынсыз қылықтарымыз болса, оған қабақ шытып, не қатты сөз айтып жатқан ол жоқ. Соны біліп біз де оғаш мінез көрсетпеуге тырысатын едік.

Сабақ басталып класқа кірген соң, ол кісі өтетін сабақтың тақырыбын, не жазушының аты-жөнін тақтаға жазып қойып, соның төңірегінде әңгімесін бастайтын. Өлендерді айтпағанда, қара сөздерді жатқа айтқанда, біз бір басқа әлемде отырғандай сезінетінбіз, ызыңдаған масаның дауысы естілетіндей тыныштық орнайтын. Пушкиннің, Лермонтовтың, Маяковскийдің өлендерін айтпағанда, Горькийдің қара сөздерін, қанша уақыт өтсе де, нәшіне келтіріп қазір айтып беруге болады. Бұл жадымызға құйып берген емей немене?!

Осы апамыздың еңбегі зая кеткен жоқ, мектептің көптеген түлектері Одақтың басты деген оқу орындарына түсіп, оқып шықты, ғалым атағын алғандары қаншама.

Панна Александровна Қазақ ССР-інің және КСРО-ның білім беру ісінің үздігі құрметті атағымен қатар, бірнеше медальдармен марапатталған. 1955 жылдан бастап бірнеше рет Қостанай қалалық кеңестің депутаттығына сайланып, қоғамдық жұмыста да абыройлы еңбек етіпті.

Ғұмыр бойы қазақ мектебінде ауылдан келген қазақтың ұл-қыздарына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, олардың үлкен өмірде жолы болуына өлшеусіз үлес қосқан қарт ұстазымыз о дүниелік болғанына бес жылдан астам уақыт та өтті. Апайымызды жерлеуге құлақ жетер жерден шәкірттері, әріптестері жиналып, шығарып салды, анасының жанына жерлеп, ескерткіш қойды. Біз өзімізді осы асыл апамыздың ұрпағымыз деп санаймыз, қабірінің басына барып ақ басымызды иеміз. Бұл біздің шәкірттік борышымыз.

Ғалихан МӘУЛЕТОВ.

Қостанай
қаласы.

● ДАУА



саршұнақ аязында да салқын суға түсе беремін. Бұл сезімді ешқандай сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл әдетті наурыз айында бастадым. Алғашында бөлме температурасындағы сумен жуындым. Басында аяқ-қолымды, сосын өзіңмен-өзің үйреніп кетеді екенсің. Жаның да рахаттанып қалады. Бойдағы бар қорқынышты жеңесің. Өзендегі ойыққа да түсем. Жүкті кезімде 8 айға дейін суық суға шомыла берем. Балаларымды жалаң аяқ жүруге үйретем. Бұл мен үшін жаңалық емес. «Тоңазытқыштағы

Сұлулықтың бір сыры — САЛҚЫН СУ



Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Көктемнің алғашқы күндері басталып та кетті. Жылы леп келсе де қыс ызғары әлі сезіліп тұр. Қыстың қытымыр күндерінен запы болғандар жазды жанындай жақсы көретіндер суықтың пайдасы зор дейді. Әсіресе салқын су жанға шипа екен.

Табиғат пен адам егіз деп бекер айтылмаса керек. Десе де, уақыт өте келе осы қағиданы естен шығарып жатқан сияқтымыз. Деннің саулығын жақсарту үшін бір сәтке табиғаттың өзіне құлақ түргеніміз жөн дейтіндер табиғат аясында суық суға шомылып, дене шынықтырғанды әдетке айналдырып келеді. Салқын суға шомылу ежелден келе жатқан әдістердің бірі. Оның денсаулыққа пайдасы орасан зор дейді мұздай суға шомылып, сергітіндер.

Суық суға шомылатын жаның бірі — Салтанат Өтелбаева. Иә, дұрыс оқыдыңыз. Көпшілікке ақындығымен, суырып салма айтыскерлігімен танылып үлгерген

Салтанат он жылдан бері салқын су құйынады екен. Осының арқасында өзін сергек әрі бойдағы бар қорқыныштан арылдым дегенді алға тартты кейіпкеріміз. — Осы әдіспен айналысып

тамақтың өзі көпке дейін сақталады ғой» деп әзілдеймін. Мұның өзі үлкен философия. Бір нәрсеге қол жеткізу үшін бір сыннан өту керек, — дейді Салтанат.

Салқын судың әсерінен ағза қандай өзгерістерге ұшырайды?

Судың жылу өткізу қабілеті ауаның жылу өткізу қасиетінен 28 рет артық екендігін ескерсек, су ойығына түскен кезде дененің сырты бірден жылу бөле бастайды. Суықтың аз уақытта (1-2 минут) әсер етуінде пульс 10-15%-ға тездей түседі, ауа жұту 6 есеге дейін артады, қылтамырларды нығайтуға керемет гимнастика болып табылатын терінің кенет тартылуы орын алады, сондай-ақ ішкі ағзаларға қан мөлшерінің түсуі жоғарылайды. Сонымен қатар, салқын суға түскеннен кейін адам рахаттанады және эмоционалды және рухани күштің жоғарылағанын сезінеді, ол қанға «қуаныш гормондары» — эндорфиндердің тасталғанына негізделеді. Көңілді күй және жоғары тонус суға түсіп шыққаннан кейінгі бірнеше сағаттан соң да бойда сақталады. Бұндай гормондардың (кортикостероидтер) мықты асқынуды қарсы әрекеттері бар, созылмалы асқынған аурулары бар адамдардың салқын суға түсуден сауығуы осылайша түсіндіріледі.

жүргеніме 10 жылдай болды. Бірде папамның үйіне қонаққа бір кісі келді. Ол қардың үстіне жалаң аяқ шығып, үстіне шелек-шелек салқын су құяды екен. Сол кісіге еріп мен де үйреніп алдым. Үйренгенім соншалықты қазір күніне екі рет суық су құйынатын болдым. Құдайға шүкір, ауыра қоймаймын. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» дейтін қағиданы түсіне білгеніміз жөн. Бүгінгі заманда емделудің қаншалықты шығын екені бәрімізге белгілі. Қыстың

Тарихта есімі қалған Ивановтың әдісі бойынша денсаулығын дұрыстап алған жандар туралы көп естіген боларсыз. Біздің елімізде де Сара Назарбаева осы әдісті қолдап, кішкентай балаларды осы әдіске үйретуге бастаған болатын.

Ивановтың айтуынша, «үстіңе суық су құю — бұл жай мұздай суға шомылып шығу емес. Мұның астарында терең ой, мағына бар. Өзінді шынықтырасың, ойыңды тазартасың. Салқын су стресске қарсы таптырмас тәсіл»

● ЖЕҢІМПАЗДАР ЖАДЫМЫЗДА

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Ораз әкесі майданға аттанғанда он екі жаста болатын. Үйелмелі-сүйемелі бес баланың бірін жетектеп, бірін көтеріп жүріп өсірген шешесі — Кәмпит жарықтық «Сталин» колхозының бас көтерер ер-азаматтары соғысқа кеткенде білегін түріп, шаруашылық жұмысына араласты. Елде қалған үлкен кісілер және әйелдермен бірге бұғанасы әлі беки қоймаған балалар да көппен бірге жұмысқа шыққан.

— Бозала таңнан тұрып, ше-



Жауынгердің қызы

шеміздің соңынан еретін едік. Біздің сондағы істейтін бар шаруамыз егінді торғайлардан қору, — дейді Ораз апа балалығын жалмаған сонау бір қиын кезеңдерді еске алғанда. Үйдегі бес баланың үлкені болған соң кейінгі іні-сіңділеріне де бас-көз болды. Анасының қолғанаты да осы Ораз-қыз еді.

Әкесі Аймақ майданға кетіп бара жатып жарына: «Балаларға өзің бас ие бол, қолыңнан келгенше тарықтырма. Оқу оқыт, көздерін аш», — деп аманаттап кетіпті. Көмпит сол аманатты бұлжытпай орындады. Ораз апайдан кейін өмірге келген Мұқат, Оразбек, Оразхан (бүгінде химия ғылымдарының докторы, белгілі профессор-автор), Аймаңдар жоғары білім алып, әрқайсысы өмірден өз жолдарын тапты.

Аймақ Тәшіков соғысқа 1942 жылы «Сталин» колхозынан аттанды. Содан Сталинград түбінде шайқаста ерлікпен қаза тапты деген тілдей қара қағаз ғана келді. Басқа дерек жоқ.

— Ауылға бір хат келсе елең ете қаламыз. Қуанышты хабар келер деген үміт қой. Өң мен түстің арасында жүрген шешеміз сонда да ауыр жұмыстан бел жазған жоқ. Соғысқа кеткендерден күн аралатып қара қағаз келетін де ауыл іші күнде азан-қазан боп жататын, — дейді еңбек ардагері.

...Соғыс салған жара көпке дейін жазылмады. Қаншама отбасы қара жамылды. Бірақ, шиеттей балаларын жеткізу үшін белін бекем бұған анаға ертеден қара кешке дейін қайғы жұтып, құр қауап отыру қайда? «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» Әйтеуір сұм соғыс тез аяқталса екен! Ел ішіндегілердің бәрінің тілегі осы. Сондықтан, жұрттың бәрі жеңісті жақындауға үлес қосты. Шаршау, шалдығу дегенді білмей өтті, өсте.

Өстіп жүріп жетілген жауынгердің ұл-қыздары қатарға қосылып, көп ұзамай көшке ілікті. Ораз апа өзінің бар ғұмырын сауда саласына сарп еткен кісі. 1952 жылы Торғай ауданында тұтынушылар одағында істеді. Банкте бухгалтер болды. Міне содан бері, қашан зейнет демалысына шыққанға дейін өзінің сүйікті ісінен қол үзген жоқ. Біздер мектепте оқып жүргенде Ораз апай Аманкелді орта мектебінде буфетте жұмыс істеді. Айтпақшы, бұл кісінің ері, бүкіл ісі қазаққа есімі мәшһүр кенші Еркеш Тәуешкин еді. Кезінде бірнеше мәрте КСРО Жоғары Кеңесінің депутаттығына сайланған Қазақстанның еңбек сіңірген құрметті шахтері — Ерекеннің даңқы бүкіл Одақтан асып, шет елдерге жайылғаны көпке мәлім. Қарағанды көмірін қазуда рекордтық көрсеткіш ор-

натқан кеншіге атақты Алексей Стаханов өзінің алтын бұрғысын табыс еткенін де ана бір жылдары жазған едік.

Қазақтың белгілі ақыны Асқар Тоқмағамбетовтың Еркеш ағамыз туралы «Май толғауы» дейтін өлеңі бар. Сол жыр шумақтары 5 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті оқулығына енген.

Қопарып таудың тағы тас көмірін,
Елінің көркейтуге жақсы өмірін.
Бұл тойға шашуымен Еркеш келді,
Көтеріп көмірімен жас көңілін.

Жас батыр қаһарланса тау ышқынды,
Бір тауды бір тауға әкеп қауыштырды.
Бәрінің мақтаншысы — Еңбек Ері,

Қарсы алды тойдағылар Тәуешкінді, — деп жалғасып кете беретін шуақты толғауды Ораз апа бүгінде немерелеріне жатқа айтып береді.

Атағы алысқа кеткен Еркеш аға 1975 жылы туған жерге бір жола қоныс аударды. 1991 жылы өмірден озғанша өзі туып-өскен «Торғай» кеңшарында құрылыс саласында еңбек етті. Жұбайы Ораз Аймаққызы екеуі 30 жылға жуық бірге түтін түтетіп, үш баланы өмірге әкелді. Бәрін оқытты, тоқытты. Рита, Ермек және Алтынай есімді ұл-қыздары ата-ана атына ешқашан селкеу түсіріп көрген емес. Бүгінде Ораз апа тоғыз немеренің әжесі. 85 жасқа келсе де әлі тың. Көзі көреді, құлағы анық естиді. Оны айтасыз, кейде қолына білгетешін алып, немерелеріне оны-пұны тоқитыны бар.

Ораз апа өзі де әлдеқашан елдің ыстық ықыласына бөленген жан. Заманында бірнеше рет социалистік жарыстардың жеңімпазы атанды. Кеудесіне «Сауда ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» тәрізді медальдері жарқырайды. Бүгінде Тәуешкіндер отбасының бүгінгі алтын қазығына айналған Ораз апа аудан орталығында, ұлы Ермек пен келіні Мархаббаттың қолында тұрады.

Қазақ даласын жаппай аштық жайлаған жылдары дүниеге келіп, отызыншы жылдардың ойранын бала да болса көзімен көрген Ораз апа — жауынгер Аймақ Тәшіковтың қызы бүгінгі тәуелсіз елдің тұрмысына мыңда бір шүкіршілік етеді. «Ұрпағымыз аман болып, еркін өсіп-өнсін! — деп кейінгілердің тілеуін тілеп отырғаны. Жанкелдин ауданы.

СУРЕТТЕ: Еңбек ардагері Ораз Аймаққызы. Сурет отбасылық мұрағаттан алынды.

Әйелдер форумы

27 ақпанда аудан әкімдігінде түрлі салада белсенді жағынан көрініп жүрген кәсіпкер әйелдерге арналған форум өтті.

Оның жұмысын аудан әкімінің орынбасары Елжан Тұрабеков ашып, жиынға жиналғандарды келе жатқан әйелдер мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар, ол өңірде жыл сайын өз ісін бастаған әйелдердің ісі өрге басып келе жатқанын айырықша атап өтті. Солардың ішінде алдына мақсат қойып, жұмыс көзін тапқан, сенімді іскер серіктестер жетерлік.

Шара аясында белсенді кәсіпкерлер ауданда іске асырылып жатқан «БЖК-2020», «Агробизнес-2020» және «ЖЖК-2020» мемлекеттік бағдарламалары барысында түсіндіру жұмыстарын тыңдап, білімдерін арттырды. Сондай-ақ, форумға қатысушылармен әңгімелескен облыстық ақпараттық-насихат то-



бының мүшесі, ҚМПИ ректорының кеңесшісі, саясаттану ғылымының кандидаты Ғазиз Шаймерденов әйелдермен әлем мен елдегі діни қауіпсіздік туралы тілге тиек етті.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

"Ел үшін қызмет етеміз!"

– дейді подполковник
Багила Жантасова



Оқу орталығындағы арнайы пәндер циклының бастығы, полиция подполковнигі Багила Жантасова ішкі істер органында 2001 жылдан бастап қызмет атқарады. Екі баланың анасы.

Жаны нәзік – Багила Қабадуәлиқызы өзінің екі баласын тәрбиелеумен қатар, қызметіне бар күшін салып, толық беріліп атқаратынын әріптестері күнделікті көріп жүр. Өзіне жарасымды полиция қызметінің нысандық киімімен көргенде қызыға қарайсың. Багиланы жас полиция қызметкерлеріне үлгі етеміз.

Қызметінде әсіресе, жас полицейлерге оқу барысында барлық

тәжірибесін, тәрбиесін беруде үлкен жұмыстар жүргізіп келеді. Әріптестеріне өзінің мол тәжірибесімен ұдайы бөлісуге де дайын тұрады.

Полиция подполковнигі Багила Жантасовамен әңгімелескенімізде, қызметін ұнататынын, үнемі ізденісте жүретіндігін, бар білгенін полиция қызметкерлерімен бөлісіп, үйрететінін жеткізді. Мұның барлығы аяулы ана, тәжірибелі ұстаз өзінің қызметтік парызы санайтынын айтты.

– Әрине, ең бірінші әйелмін, анамын, – деп көзіне жас алды Багила Жантасова. – Жолдасым өрт сөндіру қызметінде талай рет қызыл жалынмен арпала-

сып, тілсіз жауды құрықтап, өз ісінің шебері ретінде жақсы жағынан көзге түсті. Ол өзінің қызметін өте қатты жақсы көрді, әріптестері де біледі. 2001 жылғы 9 наурыз күні Қостанай қаласындағы О.Шипин көшесіндегі 110 үйден шыққан өртте тілсіз жаумен қиян-кескі арпалысып, өзгенің өмірін құтқарамын деп, өзі құрбан болды. Қызметтік борышын орындау кезінде қайғылы қазаға ұшыраған Талғатты әріптестері әлі күнге дейін еске алады. Оның ерлігін әсте есте сақтау мақсатында өзі қызмет еткен нөмірі 2-өрт сөндіру бөлімінде ескерткіш тақта ашылды. Өмөнда Талғаттың құрметіне спорттық шаралар ұйымдастырылып тұрады.

Полиция подполковнигі Багила Жантасова: "Әріптестеріме табыс тілеймін, жас полиция қызметкерлерінің әрқайсысы адал қызмет етіп, Отанымыздың патриоттары болсын", – деп өзінің жүрекжарды тілегін жеткізді.

Гүлбану ДОСТОЯРОВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орталығының Мемлекеттік тіл және ақпарат тобының инспекторы.
Қостанай қаласы.

СУРЕТТЕ: Багила Жантасова.

Лебіз

Көктем мерекесі көңілдеріңізге нұр сыйласын



Біздің заманымыз қиындық пен ауыртпалыққа толы кезең еді. Мен ашаршылық дәуірінде дүниеге келдім. Ол уақытта әке-шешем егін шаруашылығымен айналысты. Кейін ес білген шағымда қара жұмысқа білек түре кірістім.

Елді дүрліктірген соғыс жылдары тылда еңбек етіп, тұрмыс құрдым. Жанымызды шүберекке түйіп, баламызды етегімізге орап өсірдік. Алға шүкір отағасы екеуіміз заманның қиындығына қарамай 8 бала тәрбиелеп, осы күнге жеткіздік. Мен өзімді бақытты анамын деп толығымен айтуға құқылымын. Себебі "Ардақты ана" атанып, 26 немере, 13 шөбере сүйіп отырған жайым бар. Бүгінгі ұрпақ еркіндік пен теңдікке қол жеткізді. Ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік жас ұрпақтың еншісіне бұйырды.

Сондықтан біз көрген зұлмат соғыс пен нәубет заманды ұрпағымыз көрмесін деп тілей отырып, 8 наурыз "Халықаралық әйелдер күні" мерекесімен барлық ақ жаулықты аналарды шын жүректен құттықтаймын. Еліміз аман – жұртымыз тыныш болып, тәуелсіз елдің таңы арайлап атып, көк байрағымыз көгімізде желбірей берсін. Сондай-ақ "ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен" келген Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойы көптен күткен арманымыз. Ел үшін ерлік жасап, кеуделерін оққа тосқан батыр бабаларымыздың ерлігі жас ұрпаққа өнеге, үлгі. Тарих беттеріне есімдері алтын әріптермен жазылған батыр бабалар ерліктің нышаны. Еліміз өркендеп, экономикасы арта берсін.

Күлнар РСАЛДИНА,
"Ардақты ана", тыл ардагері.

Ынтымағымыз жарасып, бірлігіміз арта берсін



Биылғы жыл еліміз үшін ынтымақ пен берекеге толы жыл. Еліміздің бірлігі жарасып, тірлігі артқан шақта мемлекетіміздің мәртебесі өсті. Олай дейтінім биыл Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл. Осы уақыт ішінде еліміз өзге ұлт өкілдерімен достықтың туын желбіретіп, ынтымағымыздың іргетасын бұзылмастай берік қалады. Біздің қонақжайлылығымыз, кеңпейілділігіміз, ертеден қанымызға сіңген қасиет. Қазақстанда өзге ұлт өкілдері көп болса да бір ананың баласындай тату-тәтті өмір сүруде. Осы орайда Президентіміздің орасан зор еңбегін айта кетіп, бағалағанымыз жөн. Қазақтың бағына туған Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан мемлекетінің іргетасын қалаған тұңғыш адам. Қазақ елінің мақтанышы. Қазақстанның бірлігін сақтай отырып, өзге мемлекеттердің ынтымағын берік ұстануда.

Сондықтан құрметті жерлестер осы тамаша сәтті пайдалана отырып, баршаңызды Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жылдық мерейтойымен және 8 наурыз "Халықаралық әйелдер күні" мерекесімен құттықтаймын.

Тәуелсіз мемлекетіміздің беделі үстем болып, елдігіміз арта берсін. Президентімізге ұзақ ғұмыр беріп, халқымды қатерлі қауіптерден жаратқан иеміз аман сақтасын. Әлемнің айнасы іспеттес аналардың мейрамы көктемнің нұрлы шуағымен бірге нұрланып, жер бетін шаттыққа бөлесін. Әрқайсыңыздың шаңырақтарыңызға бақыт, дендеріңізге саулық тілеймін.

Алма ЖҰМАҒАЛИЕВА,
"Алтын алқа" иегері.

Әзірлеген Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

ЖОЛ БОЛСЫН!

Көлікте тек қана қыздар

Қарлығаш

ОСПАНОВА

Бүгінде темір тұлпарды тізгіндеген нәзік жандылардың қатары көбейіп келеді. Бұрын әйелдердің көлік жүргізгені, әсіресе, ерлер қауымы үшін оғаш көрінсе, қазір бұған көзіміздің үйреніп кеткені сондай, тіпті таң қалмайтын да болдық. Себебі, қазіргінің қыз-келіншектері үшін көлік айдау түк те емес. Мереке қарсаңында заманынан қалыспай, көлік жүргізудің қыры мен сырын меңгеріп алған осындай қыз-келіншектермен тілдескен едік.

Ғазила ТҮСІПБЕКОВА,

І.Омаров атындағы қазақ драма театрының бас әкімшісі:

– Бұрын қыз-келіншектердің көлік жүргізгені көзге қораш, құлаққа түрпідей тисе, қазір екінің бірін темір тұлпардың тізгінінен көруге болады. Асылы, көлік жүргізу – велосипед тепкенмен бірдей емес, сондықтан оны әбден оқып-тоқып, тәжірибеден өткен соң ғана жүргізген дұрыс деп ойлаймын. Ал өзіме келер болсам, ең алғаш жүргізген көлігім ол – мотоцикл болатын, жетінші сыныпта жүргенде әкем үйретті. Одан кейін 8-сыныпта көлік жүргізуді үйреніп алдым. Қазір 2010 жылдан бері үзбей жүргізіп келемін. "Хендайакцент" маркалы жеке көлігім бар. Мақтанғаным емес, осыған дейін не МАИ қызметкері тоқтатып, не бір рет болса да айыппұл төлеген емеспін.



Индира БЕЙШОВА,

ҚМУ-нің оқытушысы:

– Мен көлік жүргізуді осыдан үш жыл бұрын үйрендім. Үш ай бойы курсқа барып оқыдым. Онда жүргенде арнайы мамандар бізге көлік жүргізудің қыры мен сырын, жол жүру ережелерін үйретті. Көлік айдауға деген қызығушылығымнан болар, тез үйреніп алдым. Жұрт құсап құжатты сатып алған жоқпын. Қазір құдайға шүкір, барлық ережені жақсы білемін, жолда абайлап, сақтықпен жүруге тырысамын. Бүгінде әйелдердің дені көлік жүргізеді. Мен сияқты отбасылы келіншектерге бұл тиімді. Себебі, жолдасым жұмыстан қолы тимегенде, балаларды мектепке де, балабақшаға да өзім апарып, алып келемін. Бір жағынан, заман ағымынан қалыспаған да дұрыс қой.



Гүлнар ДОСОВА,
медицина қызметкері:

– Біз үйде бес қызбыз, ер бала болмағандықтан көлік жүргізуді жездеріміздің көмегімен үйреніп алуыма тура келді. Тәжірибені ресейлік көліктен бастадым. Ол шетелдің көліктері тәрізді автоматтандырылған жүйеде емес, сондықтан механикаландыру жүйесіндегі көлікті бірден меңгеріп кету де оңай емес. Бірақ осының арқасында кез келген көлікті еркін жүргізе беремін. Дегенмен, шындығын айту керек, қазір қыз-келіншектердің дені көлік жүргізу құқығын растайтын құжатты сатып алып жатады. Жол жүру ережелерін жиі бұзатын да сондай жандар. Сондықтан, құжатты сатып алмай, арнайы курстарда оқып барып, алған дұрыс деп ойлаймын. Әрине, барлық әйелдердің темір тұлпарды меңгеру қабілеті бірдей емес. Олардың арасында жылдар бойы жаттығып, жақсы жүргізетіндері де баршылық. Жалпы, көлікті тек қана ер адамдар, не әйелдер ғана жүргізсін деген қағида, заң жоқ. Қалай десек те, қыз-келіншектердің көлік тізгінін иеленуі ол әбестік емес.



Махаббат БЕКБАЕВА,
журналист:

– Көлікті бұрындары ер азаматтар ғана айдаушы еді, қазір әйелдер қауымы да жүргізетін болды. Қазір тіпті жеңіл көлік қана емес, кран сияқты ауыр техниканы да меңгерген қыз-келіншектер жетерлік. Мен де жүргізушілік құжатты арнайы курста үш ай оқып алған едім. Оқып алғанның арқасында жүргізушінің міндеттері мен құқықтарын да жақсы білемін. 2012 жылы бар жиған-тергеніме керемет болмаса да, әйтеуір бір жеңіл көлік сатып алдым. Көлік жүргізуді үйреніп алғаным еш өкінбеймін, қазір баратын жеріме ешкімге жалынбай-ақ барып келемін, ата-анамды да тасимын.



● ПЕРЗЕНТ СЫРЫ

Адамға ұлы болған Алла Тағаладан кейінгі ең жақыны, ол ата-ана. Ата-ана балаларын туып, тәрбиелеп, оқытып, үйлендіріп, адам қатарына қосады. Ата-ананың осы жақсылығын өтеу, қайтару үшін баласы оларға ылғи да жақсылық жасауы керек. Ең бірінші ата-ананы тыңдап, айтқанын орындау керек. Олардың алдында өте кішіпейіл болып, қатты сөз айтпай, дауыс көтермеу керек. Ал егер ата-ана балаға ренжіп, ұрсатын болса, қарсы сөз айтпау керек. Бұл баланың ата-ана алдындағы міндеттері. Осы міндеттерді орындаған, бақытты бала.



Анамды аңсаймын...

Бала ата-анасын тірі де ғана емес, өлгенде де құрметтеп, артынан құран оқып, садақа беріп, дұға жасап отыруы керек. Ислам ғалымдары айтады: "Бала ата-анасына жақсылық көрсетсе, өзі де балашағасынан жақсылық көреді". Бұл мәселелерді айтып отырған себебін, біздің қатарымыз 1930-40 жылдары туғандар осы айтқандардың бәрін орындап, ата-анаға ерекше құрмет көрсеткенбіз. Тіпті жігіт боп, үйленіп, балалы-шағалы кезіміздің өзінде олардың көзінше теріс қылық жасауға бармайтынбыз. Олардың айтқаны біздер үшін заң еді ғой. Ата-ана түгелі, ауылдың үлкендерінің де алдын кесіп өтпейтінбіз. Олардың көзінше алысып-жұлысу, боқауыз сөз айту қымыспен тең еді ғой. Өйткені, ол кезде бала тәрбиесін ата-ана ғана емес, бүкіл ауыл болып қолға алған. Ата-анасына тілін тигізген баланы бүкіл ауыл тәрбиелейтін.

Мен де әкемді өле-өлгенше осылай сыйладым, оның атына кір келтірмеуге қолдан келгенше тырыстым. Тек шешем ғана бұл құрметті көре алмай, өмірден ерте өтті. Менің шешем Ахметсабырқызы Жаңыл 1952 жылы мен 7-сыныпта оқып жүргенде, 37 жасында кенеттен қайтыс болды. Сол жылы қыс қатты болып, шөп аз болып, малшылар жайлауға ерте апрель айының басында шықты. Менің әкем сиыр бағатын. Дәмді өзенінің бойында Қозыбағар көңі деген жерде тұрамыз. Бұл жерде "Заготскот" деген мекеме бар. Ол колхоздардан мал қабылдап алып, оны Жаманқалаға (Орск қаласы), ет комбинатына айдап апарып, тапсырады. Әкемде жайлауға ерте шығып, киіз үйде отырады. Шешем сонда босанып, Базарбек деген бала дүниеге келді. Күн салқын, шешеме суық тиіп, қайтыс болды. Мен ол кезде Жалаңаш деген жерде (Дәмді совхозы) 7-сыныпта оқимын. Сабағынан қалмасын деп, маған хабар бермепті. Бір жетіден кейін барып, маған естіртті. Мен Жалаңашта Боржық атамның үйінде жатып оқитынмын. Баланың үлкені мен, Дәржан — 10 жаста, Қарашаш пен Мәдина 4-5 жаста. Базарбектің туғанына әлі ай болмаған. Сөйтіп, бір топ бала анамыздан


айырылып, жетім қалдық. Көңілімнен анам, көзімнен жас кетпейді. Ойлайтыным шешемнен қалған қарындастарым. Қырсық қылғанда, Жалаңашта 7-сыныптан емтихан алатын жоғарғы білімді мұғалімдер болмай, емтиханды Қарамайшыға (Науырзым совхозы) барып тапсыратын болдық. Емтиханға дайындалған болып, оңаша шығып, шешемді ойлап, жылап-жылап аламын. Қарындастарымның жанында әкем бар. Ал туа сала жетім қалған Базарбектің күні не болады. Әкем байғұстың да басы қатып жүрген шығар деп те уайымдаймын. Соған қарамастан емтиханды жақсы тапсырып, 8-сыныпқа көштім. Жазғы демалыста "Заготскотқа" шөп дайындауға кірдім. Күндіз жұмыс, кешке үйге келген соң уызына жарымаған Базарбекті көтеріп алып, ауылдың сыртына шығып алып, Базарбекке қосылып алып мен де

жылаймын.

Біз Дүйсенбек екеуміз (әкемнің інісі) 7-сыныпты бітіргеннен кейін, Боржық атамның үйі Қозыбағар көңіне көшіп келді. Біздің үймен атам үйі біргеміз. Балшөкен әжем барлығымызға тамақ істеп, кір жуады. Әкем, Дүйсенбек үшеміз жұмыстамыз. Базарбек ауру, денесіне неше түрлі жаралар шықты. Әкем Аманкелдіге, аудандағы ауруханаға апарып, емдетіп әкелді. Бірақ әлі ауырады, күндіз-түні жылайды. Оған қосылып, ауылдың сыртына шығып, айғайлап жылап, мен де мауқымды басып аламын.

Бөрінен де Дегенбайқызы Балшөкен әжеме қиын. Бір үйде 10 адам бармыз. Ол кісі бізді аяп, қолдағы барын менің аузыма тосады. Бірақ менің есіл-дертім — шешем. Жалғыз ұлы болып, еркелетіп өсіргендіктен бе екен, шешемді өте жақсы көрем. Күз келіп, оқуға баратын уақыт жақындады. Онжылдық мектеп аудан орталығы Аманкелдіде. Сонда бару керек. Интернетқа алмайды. Онда тек әке-шешесі жоқтар ғана алынады, немесе жалғыз шешелері барларды алады. Әкем ауданға өзі барып, жатып оқитын үй іздеді. Естай деген Өтейдің үйіне келісті. Естай қайтыс болған, шешесі, әйелі, Елесхан деген жалғыз ұлы бар. Абырой болғанда, өте жақсы, тәрбиелі отбасы екен. Шешеміздің аты Күнзила, быткомбинатта тігінші, қырықмылтық руының қызы. Мені баласынан кем көрмей, әрі шешемнің қайтқанын біліп, аяп, жақсы қарады. Қысқы демалыста Қайғыға келемін. Онда шешемнің апасы Рәш бар. Ол кісіні шешемнің орнына шеше қылып ылғи сол үйге барамын. Бірақ қарындастарымды ойлап, сағынып, соларды көргім келіп тұрады. Біздің үй "Заготскотпен" бірге Қозыбағар көңінен Көпжасар көңіне көшкен. Бұл көң де Дәмді өзенінің бойында, Мойыбды өзеніне, Нарөлгенге жақын.

Әкем үйленіпті. Шешеміз қатаңдау адам екен. Онша іштарта қоймадым. Қандай бала болса да әкесін тумаған шешеден қызғанады, ал әке көбіне әйелдің көңілінен шығуға тырысады. Осыдан келіп әке мен баланың арасы суый бастайды. Бұл жағдай шешесі өліп, өгей шешеге күні қараған балалардың көпшілігінің басында болатын жағдай. Әрине, өгей шешені өз шешесінен кем



көрмейтіндер де болады, бірақ олар аз. Әсіресе ерке балаларға қиын, олар тағы мысық сияқты шын көңілімен берілмейді.

Базарбек 1 жасқа жетер-жетпесте қайтыс болды. Ол шешесін сағына да алмай, есін толық білмей шетінеп кетті. Жетім болып, жылап-еңіреп өскеннен гөрі, сол да дұрыс па деп ойлайсың, бірақ қимайсың. Құдайдың маңдайыңа жазған тағдыры қайтсе де болады. Шешемнен ерте айырылғаным, мені ерте ер жеткізді. "Адамның ең үлкен ұстазы — қайғы" деген екен бір ғалым. Сол өмірден алынған дұрыс сөз. Әкем де біздің қасымыз бен қабағымызға қарап, аяп, жарғақ құлағы жастыққа тимейді. Біздің бұл үйде бұрынғыдай сағынып, бауыр баспайтынмызды біледі. Бірақ маған ештеңе айта алмайды. Ішінен өгей шешемізді өз шешеміздей көріп, ойнап-күлгенімізді жақсы көреді. Ал мен болсам, жүрегім тас болып қатып қалған, мезірейіп бір жібімеймін. Әкемді аяймын, бірақ жібі алмаймын.

Мен 8-сыныптан бастап үйде көп болғаным жоқ. Сыртта оқыдым, демалыста нағашы апам Рәштің үйіне кетем. Ол үйге шешемнің інісі Әнуар, әйелі Ұмытқан, Рәштің қыздары Сапарқұл мен Майдан, бәрі де мен келгенде қуанып, шын ықыластарымен қарсы алады. Өз үйімнен осы үй маған ыстық. Бірақ әкем мен қарындастарымды сағынамын. Солар үшін үйге барамын. Мен келгенде олар да шешелері тіріліп келгендей, қуанып, маған еркелейді. Мен кеткенше оларға ешкім қабақ шытып, қатты сөз айтпайды. Ал мен оларды көргенде "Тірі жетімдерім-ай" деп аяп, білдіртпей жылап-жылап аламын. Сол күндер есіме түскенде, осы кезде де көзіме жас аламын.

Әкемді де аяймын, жақсы көремін. Бірақ шешемді сол өлтіргендей, өгей шешемнен қызғанып, бедірейіп, оған бір жібімеймін. Кейде қарындастарыммен күліп-ойнап отырсам, оның да көңілі жадырап, төбесі көкке бір елі жетпей, қуанып отырады. Өмір бір орында тұрмайды. Қарындастарым ержетіп, тұрмысқа шықты. Әкемнің де, менің де мойнымнан ауыр жүк түсті. Қабағымыз ашылып, үйде жылы леп есті. Еркін жүріп, ашық сөйлесетін болдым. Бірақ шешеме деген сағынышым басылмады. "Әттен шешем тірі болып, біздің адам

болғанымызды көрсе ғой", — деп армандаймын.

Армансыз адам болмайды. Адамды қажытатын ой, қиял ғой. Қазір 80 жасқа келдім. Сонда да шешемді сағынамын, аңсаймын, армандаймын. Міне, ана осындай ыстық, мәңгілік ұмытылмайды. Сондықтан адам ананың алдында мәңгілік қарыздар. Менің бұл айтқандарым, баланың анаға деген сүйіспеншілігі. Ал ананың балаға деген сүйіспеншілігін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес.

6.00 "Ризамын". 7.00 Т.с. "Сен келерсің 2". 8.00 Т.с. "Үмітінді үзбе". 9.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 10.00 "6 кадров". 11.00 Т.с. "Мажор". 12.00 Мультсериалы. 15.00 Т.с. "Нархоз". 16.00 "Городские легенды". 17.00 "6 кадров". 18.00 Т.с. "Ангелика". 19.00 "Мажор". 20.00 Информбюро. 21.00 "Үмітінді үзбе". 22.00 "Сен келерсің 2". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Супермен 2". 3.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 Древние тюрки. Штрихи к портрету. 9.30

"Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30 Моя история. Ф. Абдраимов. 20.00 7 NEWS. 21.00 Мои прекрасные. 23.00 Қорқыныш факторы. 0.00 Т.с. "Демоны да Винчи".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сен келерсің 2". 8.00 "Үмітінді үзбе". 9.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 10.00 "6 кадров". 11.00 "Мажор". 12.00 Мультсериалы. 15.00 Әзіл студио. 16.00 "Городские легенды". 17.00 "6 кадров". 18.00 "Ангелика". 19.00 "Мажор". 20.00 Информбюро. 21.00 "Үмітінді үзбе". 22.00 "Сен келерсің 2". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Супермен 3". 3.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Госпожа горничная". 14.00 Винтаж. 14.30 Baby ГИД. 15.00 "Выхожу тебя искать". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Ән кеш. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қылмыстық іс №. 20.00 РТН. 20.30 Джиперы. 21.00 "Госпожа горничная".

си. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Вангелия". 22.00 "Фериха". 23.00 Sky-studio. 23.50 Жаңалықтар.

**БІЛІМ ЖӘНЕ
МӘДЕНИЕТ**

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "Экопия. Умные здания, достойная жизнь". 9.35 TED: Идеи, достойные распространения. 10.05 Сағыныш сазы. 10.35 Школа кочевников. 11.00 "Эврика". 11.30 "Кемел кеңістік". 12.05 "М. Фриманмен бірге уақыт пен кеңістік тылсымына бойлау". 13.05

ва". 22.30 Baby ГИД. 23.00 В поисках истины. 0.00 Концерт Е. Жагалтаева.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Сүйген жар". 6.40 К.ф. "Игры разума". 8.10 101 кеңес. 8.30 П@utina+. 8.50 Жаңалықтар. 9.00 Х.ф. "Москва слезам не верит". 11.50 Лучший город.KZ. 12.05 "Ду қол шоколад". 13.00 101 кеңес. 13.25 Карaoke такси. 13.55 П@utina+. 14.50 Жения Белоусов. "Он тебя не любит нисколько". 15.50 Песни для любимых. 17.10 Т.с. "Слабая женщина". 21.00 "Сүйген жар". 23.35 Лучший город.KZ. 23.45 Т.с. "Долгий путь домой".

КТК

8.40 Базар жоқ алаңы. 10.00 Т.с. "Доярка из Хаццалетовки". 13.45 Х.ф. "Девчата". 15.40 Т. Забированың концертті. 17.45 Т.х. "Мұздан суық, оттан ыстық". 19.45 Оңай олжа. 21.00 Главная редакция. 21.45 Т.с. "Год в Тоскане". 23.40 Т.с. "Лесник".

М.с. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.с. "Госпожа горничная". 14.00 Дело №. 14.10 Солнечная кухня. 14.40 Стиль жизни. 15.00 Т.с. "Выхожу тебя искать". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Концерт. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қоғам және әйел. 20.00 РТН. 20.30 Дело №. 20.50 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Группа здоровья. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 Т.с. "Варенька. И в горе, и в радости". 12.00 "Ду қол шоколад". 12.55 Жаңалықтар. 13.00 Лучший город.KZ. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.00 П@utina+. 14.50 112. 15.00 Т.с. "ППС". 16.45 Давай поженимся. 17.50 Т.с. "Плюс любовь". 18.50 Пусть говорят. 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 Т.х. "Джодха және Акбар". 23.20 П@utina. 23.45 Лучший город.KZ. 23.55 "Долгий путь домой".

КТК

6.25 "Япыр-ай". 7.15 "Жанқияр патшайым". 8.05 "Қайран заман. Жалғасы". 11.40 Другая правда. 12.35 Главная редакция. 13.15 "Лесник". 15.10 Не ври мне. 16.10 "Махаббат мұңы". 17.45 "Мұздан суық, оттан ыстық". 18.45 КТК қоржынынан. 19.45 Оңай олжа. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Диагноз. 22.15 "Год в Тоскане". 0.00 "Лесник".

22.00 РТН. 22.30 В ладу с природой. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Варенька. И в горе, и в радости". 12.00 "Ду қол шоколад". 12.55 Жаңалықтар. 13.00 Лучший

альные пацаны". 13.00 М.с. 16.30 "Ғарыштан келген ғашығым". 17.40 "Зұлым қыз". 19.00 "Деффчонки". 19.30 "Сашатаня". 20.00 Однажды в России. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 21.30 "Интерны". 22.00 "Патруль". 22.30 Ревю. 23.00 Көңілді таспа. 23.30 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Железный рыцарь".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Айна online. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым до-

мом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.00 Айна online. 15.00 "Гадалка". 16.00 "У вас будет ребенок". 17.00 СвидЕ-ТИли. 17.30 Страсти у плиты. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30 Моя история. О. Шишигина. 20.00 7 NEWS. 21.00 Человек-невидимка. 23.00 Қорқыныш факторы. 0.00 "Демоны да Винчи".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сен ке-

лерсің 2". 8.00 "Үмітіңді үзбе". 9.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 10.00 "6 кадров". 11.00 "Мажор". 12.00 Мультсериалы. 15.00 Әзіл студия. 16.00 "Городские легенды". 17.00 "6 кадров". 18.00 "Ан-желика". 19.00 "Мажор". 20.00 Информбюро. 21.00 "Үмітіңді үзбе". 22.00 "Сен келерсің 2". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Супермен 4". 3.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН.

АСТАНА

7.00 "20:30". 7.30 Жаңалықтар. 8.00 "Кто в доме хозяин?". 8.30 Такси. 9.00 "Мүрагер". 10.00 Жаңалықтар. 10.30 "Фериха". 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Sky-studio. 14.00 Новости. 14.10 "Вангелия". 15.15 "Мүрагер". 16.35 Д.ф. "Сыртғы бүтін...". 17.00 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Вангелия". 22.00 "Фериха". 23.00 Ел аузында. 23.25 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "Экопия. Умные здания, достойная жизнь". 9.35 TED: Идеи, достойные распространения. 10.05 Ғасырлар пернесі. 10.35 "Эйнштейн ізімен". 11.30 "Кемел кеңістік". 12.05 "М. Фриманмен бірге уақыт пен кеңістік тылсымына бойлау". 13.05 Онлайн Астана. 15.00 "Крэнфорд". 16.00 Под куполом. 17.30 Лови момент. 18.05 "М. Фриманмен бірге уақыт пен кеңістік тылсымына бойлау". 19.50 Тарих айнасы: аңыз

9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Госпожа горничная". 14.00 Группа здоровья. 14.25 Қылмыстық іс №. 14.35 Профессиональный разговор. 15.00 "Выхожу тебя искать". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Концерт. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Қазақстан байтақ өлке". 20.00 РТН. 20.30 ПроАгро. 21.00 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Тет-а-тет. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

бен ақиқат. 21.40 Литературный клуб. 22.00 Онлайн Астана. 22.50 "Мәңгілік бала бейне" драмасы.

НТК

8.00 Ревю. 8.25 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.00 "Интерны". 10.30 "Патруль". 11.00 Однажды в России. 11.30 "Сашатаня". 12.00 "Деффчонки". 12.30 М.с. 16.30 "Ғарыштан келген ғашығым". 17.40 "Зұлым қыз". 19.00 "Деффчонки". 19.30 "Сашатаня". 20.00 Однажды в России. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 22.00 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Көңілді таспа. 23.30 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Перевозчик-3".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Айна online. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.00 Айна online. 15.00 Свидание со звездой. 16.00 Икона стиля. 17.00 Измайловский парк. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.30 KZландия. 20.00 7 NEWS. 21.00 Здравствуйте,

16.10 Х.ф. "Месть пушистых". 18.00 Күлкі базар. 18.25 Жасырын камера. 19.30 Караоке-киллер. 20.30 Х.ф. "Перевозчик-3". 22.30 Х.ф. "Значит война".

7 АРНА

08.00 Шебербек ағай. 9.00 М.с. 9.30 Орел и решка. 10.30 Я шопоголик. 11.00 СвидЕТИли. 11.30 Страсти у плиты. 12.00 К.ф. "Қашқын күйеу". 15.00 Х.ф. "Любовь одна". 17.00 Человек-невидимка. 18.00 Жанкештілер жарысы. 19.00 Айна online. 20.00 Х.ф. "Выкуп". 22.00 Другими словами. 22.40 Бокс. 0.00 "Демоны да Винчи".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Лиозмын". 8.00 Мультсериалы. 9.30 Әзіл студия. 11.00 "Дом рецептов". 11.30 "Налегке". 12.00 "Жұлдызды шаңырақ". 12.30 Алдараспан, Шаншар, Ныса-

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Варенька. И в горе, и в радости". 12.00 "Ду қол шоколад". 12.55 Жаңалықтар. 13.00 Лучший город.KZ. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.00 П@утина+. 14.50 112. 15.00 "Департамент". 16.45 Давай поженимся. 17.50 "Плюс любовь". 18.50 Пусть говорят. 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.20 П@утина. 23.45 Лучший город.KZ. 23.55 "Долгий путь домой".

я ваша пятница! 23.00 Қорқыныш факторы. 0.00 "Демоны да Винчи".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сен келерсің 2". 8.00 "Үмітіңді үзбе". 9.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 10.00 "6 кадров". 11.00 "Мажор". 12.00 Мультсериалы. 15.00 Әзіл студия. 16.00 "6 кадров". 17.30 "Ангелика". 18.30 Шоу "Уральские пельмени". 20.00 Информбюро. 21.00 "Үмітіңді үзбе". 22.00 "Сен келерсің 2". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Пятница 13". 3.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Госпожа горничная". 14.00 В ладу с природой. 14.25 Торговый дом. 14.45 Киноклуб. 15.00 "Выхожу тебя искать". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Ж. Арыстанова. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 По диким местам. 20.00 РТН. 20.30 Группа здоровья. 21.00 "Госпожа горнич-

на күнделігі. 13.30 М.ф. "Принцесса Мононоке". 16.00 М.ф. "Самолеты". 18.00 Х.30 М.с. "Путешествие 2: таинственный остров". 20.00 Фильм-концерт с участием Кайрата Нуртаса. 23.00 Х.ф. "Возвращение героя". 1.00 Х.ф. "Отважная". 3.00 Х.ф. "Детройт - город рока". 4.00 Концерт.

АЛАУ

7.30 М.ф. 8.20 Жаңалықтар. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.20 Неизведанный Казахстан. 10.50 Группа здоровья. 11.10 В поисках истины. 12.00 Лица неизвестности. 12.30 Д.ф. "Неизвестная версия". 14.00 Ән-Хадиша концерті. 16.00 ПроАгро. 16.30 Қоғам және әйел. 17.00 Джиперы. 17.30 Жұлдыз-топ. 18.30 "Қазақстан байтақ өлке". 19.00 Қылмыстық №. 19.30 Baby ГИД. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Винаж. 21.30 Солнечная кухня. 22.00 По следам музейных невидимок. 22.30 З. Көпбосынұлының шығармашылық көші. 0.00 Панорама недели.

сана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00 Мультсериалы. 9.30 Әзіл студия. 11.00 "Дом рецептов". 11.30 "Сәт сапар". 12.00 "Жұлдызды шаңырақ". 12.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 14.30 М.ф. "Ветер крепчает". 17.00 Х.ф. "Путешествие 2: таинственный остров". 19.00 Х.ф. "Астерикс и Обеликс в Британии". 21.00 Фильм-концерт. 00.00 Х.ф. "Философы: уроки выживания". 2.00 Х.ф. "Мы - одна команда". 4.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.00 Торговый дом. 9.30 М.с. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Киноклуб. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Винаж. 14.00 Хит-парад. 15.00 Қоғам және әйел. 15.30 Жұлдызды әуендер. 17.00 "Выхожу тебя искать". 20.30 Тет-а-тет. 21.00 В поисках истины. 22.00 По диким местам. 23.00 Моя правда. 0.00 Е. Шакеев.

КТК

6.05 "Япыр-ай". 6.50 Жаңалықтар. 7.15 "Қайран заман. Жалғасы". 10.00 Х.ф. "Героиня твоего романа". 12.00 Новости. 12.40 Черный квадрат. 13.15 "Лесник". 14.10 Семейные драмы. 15.10 Не ври мне. 16.10 "Махаббат мұңы". 17.45 "Мұздан суық, оттан ыстық". 18.45 КТК қоржынынан. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 "Год в Тоскане". 0.30 "Лесник".

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Варенька. И в горе, и в радости". 12.00 "Ду қол шоколад". 12.55 Жұма уағзы. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.00 П@утина+. 14.50 112. 15.00 "Департамент". 16.45 Жди меня. 17.50 "Плюс любовь". 18.50 Поле чудес. 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.20 П@утина. 23.45 Танцуй!

КТК

06.05 "Япыр-ай". 6.50 Жаңалықтар. 7.15 "Қайран заман. Жалғасы". 8.20 КТК қоржынынан. 10.00 Х.ф. "Случайный попутчик". 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.40 "Лесник". 14.35 Семейные драмы. 15.30 Не ври мне. 16.25 "Махаббат мұңы". 17.15 "Карадайы". 19.45 Жұлдызды ақиқат. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 Х.ф. "У бога свои планы". 0.35 Обзор матчей Лиги Европы УЕФА.

ЕВРАЗИЯ

6.00 К.ф. "Игры разума". 7.30 Қылмыстық іс №. 8.00 Таңғы пошта. 8.30 П@утина. 8.50 Жаңалықтар. 9.00 Новости. 9.10 Смак. 9.45 Х.ф. "Я буду рядом". 11.35 Фабрика грез. 12.05 "Ду қол шоколад". 13.00 101 кеңес. 13.25 Караоке такси. 14.00 П@утина+. 14.55 Кто хочет стать миллионером? 16.05 Т.с. "Право на любовь". 20.00 Новости. 20.30 Лучший город.KZ. 21.30 Кешкі кездесу. 22.50 Жаңалықтар. 23.10 Тіліші түйіні. 23.35 Жаңалықтар. 23.55 Т.с. "Следственный комитет. "Черный полковник".

КТК

7.05 Х.ф. "Роман с камнем". 9.00 Жүрекарды. 09.35 Шаншар. 10.10 Юрмала-2013. 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.35 Звездная жизнь. 14.35 Путь на Олимп. 15.10 Жұлдызды ақиқат. 15.50 КТК қоржынынан. 18.00 Ревизорро. 19.00 Унеси, что сможешь. 19.35 "Карадайы". 21.00 Другая правда. 22.00 Очная ставка. 23.00 "Беременная в 16". 23.55 Той BestStar.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Жаңалықтар. 6.20 Тіліші түйіні. 6.45 Жаңалықтар. 7.00 "Игры разума". 8.35 Жаңалықтар. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Новости. 9.10 Здоровье. 10.10 "Казлото". 10.50 Идеальный ремонт. 11.55 "Ду қол шоколад". 12.45 101 кеңес. 13.10 Караоке такси. 13.45 Кешкі кездесу. 15.00 Лучший город.KZ. 16.00 Добрый вечер, Казахстан! 17.10 Т.с. "Тили-тили тесто". 21.00 Аналитика. 22.00 П@утина+. 23.00 КВН. Первая игра сезона.

КТК

7.35 М.с. 9.40 Звездная жизнь. 10.40 Х.ф. "Три полурации". 14.20 Той BestStar. 15.40 КТК қоржынынан. 18.00 Удиви меня. 19.00 Унеси, что сможешь. 19.35 "Карадайы". 21.00 Портрет недели. 22.00 Слуги народа. 22.50 Базар жоқ алаңы. 23.50 Х.ф. "Она сказала "да".

14 наурыз, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.40 Агробизнес. 9.00 Сенбілік таң. 10.05 Дауа. 10.40 Ас болсын! 11.25 Әзіл өлемі. 13.00 Поэзия өлемі. 13.30 Телқоңыр. 14.15 Т.х. "Ұстаз". 16.10 К.ф. "Сен қасымда болмасаң". 17.30 Жаңалықтар. 17.50 К.ф. "Сен қасымда болмасаң". 18.50 Концерт. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Сенбілік кездесу. 22.30 Жайдарман. 0.00 Жаңалықтар. 0.30 К.ф. "Шерлок".

ХАБАР

7.00 Концерт. 8.30 М.с. 9.00 Бармысың, бауырым? 9.45 Продвопрос. 10.00 Спорт без границ. 10.30 М.ф. 12.00 Х.ф. "Флика". 13.45 Орталық хабар. 14.45 Жұлдызды дода. 16.15 Ән көш. 17.30 Тур де Франс. 18.00 Х.ф. "Шаг вперед-2". 20.00 Бенефисшоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Банды Нью-Йорка". 23.45 К.ф. "Грекия-

15 наурыз, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.30 Мәлім де беймәлім Қазақстан. 9.00 Бүгін жексенбі. 10.30 М.ф. 11.20 Ақсауыт. 11.50 Сенбілік кездесу. 13.15 Шарайна. 13.45 Келбет. 14.15 "Ұстаз". 16.10 Баламен бетпе-бет. 16.25 М.ф. 17.05 Концерт. 18.35 Әзіл өлемі. 20.00 Алпа. 21.00 Б. Сәмединаовның шығармашылық көші. 22.35 Алаң. 23.25 К.ф. "Шерлок".

ХАБАР

7.00 Концерт. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.30 Спорт өлемі. 11.00 М.ф. 12.30 Х.ф. "Отсюжк". 14.00 Бенефис-шоу. 15.00 "Махаббат ұясы". 17.15 Кеше ғана. 18.15 Моя история войны. 18.30 Концерт

ның естен кетпес жазы".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңалықтар. 8.30 Мәңгілік рух. 8.35 Ертегілер. 9.00 Новости. 9.30 Пока жива память. 9.35 К.ф. "Алдар Кесе". 11.35. 11.55. 13.55. 16.30 17.55 18.25, 19.55 Телемаркет. 11.40 Регион'10. 12.00 Телетриптих "00.00". 13.00 Третий тайм. 13.25 Д.с. "Паула". 13.55 Пока жива память. 14.00 Концерт. 15.35 "Өркениет тарихы". 16.25 М.с. 17.00 Т.с. "Клятва отца". 18.00 Пока жива память. 18.30 Т.с. "Атлантида". 19.30 Мәлім де беймәлім. 19.55 Мәңгілік рух. 20.00 Алдаспан. 20.30 Дамафон. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.30 Х.ф. "Путешествие на Кон-Тики".

АСТАНА

8.00 Ән шашу. 8.55 Такси. 9.20 Суперпапа. 10.00 М.ф. 10.45 Kaznet. 11.05 Дүние жарық. 11.30 "Қыз

К. Нуртаса. 20.00 Ду-думан. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Человек ноября". 0.00 К.ф. "Әулие Валентин күнін жек көремін".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 М.ф. 8.30 Мәңгілік рух. 8.35 Концерт. 10.00 К.ф. "Линкольнді құтқару". 11.40 Даму діңгектері. 11.55 Пока жива память. 12.00 1001 формула успеха. 12.10 Данышпан қарға. 12.30 Сап түзе! 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Д.с. "Өркениет тарихы". 13.55 Пока жива память. 14.00 Концерт. 16.25, 19.25 Телемаркет. 16.30 "Паула". 17.00 "Клятва отца". 18.00 Мәңгілік рух. 18.30 "Атлантида". 19.30 Волшебный фонарь. 20.00 Бойтұмар. 20.25 Пока жива память. 20.30 Вызов. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.30 Х.ф. "Параллельные миры".

АСТАНА

8.00 Х.ф. "Повесть о настоящем человеке". 9.45 Такси. 10.15 Концерт. 11.30 "Қыз ғұмыры". 12.50 "Обмани, если любишь". 14.55 Х.ф. "Суперневестка". 16.55 Д.ф. "Сыртғы бүтін...". 17.20 Сырласу. 18.10 Бай бол. 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.05 Той жыры. 20.30 "20:30". 21.20 Х.ф. "Оливер Твист". 0.00 "Ұмытылмас".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

8.05 Үкілі домбыра. 8.35 Сағыныш сазы. 10.10 Концерт. 11.30 Атакөсіп. 12.00 Джаз. 13.05 "Арабияның тұмса табиғаты". 14.05 Ученый совет. 15.30 Лови момент. 16.00 Лидер ХХ1 века. 17.00 Концерт. 19.30 Х.ф. "Ностальгия". 21.45 Концерт.

Белгісіз аң табылды

Жанкелдин ауданының аумағынан белгісіз аң табылды. Бойы түлкі шамалас, құйрығы ұзын, түсі қызыл-қоңыр, басы аюға ұқсайтын аңды Қарағаш қонысындағы Таңат Тәжібаев деген шаруаның балалары тауып алған екен. Таңат ағамыздың баласы Дулат Тәжібаев таңертең мал жайлауға шыққанда

белгісіз аңның өліп жатқанын көреді.


— Шамасы қорадағы малға шабуыл жасамаққа келген. Түн ортасында әлгі аң қораның дәл іргесіне дейін жақындайды. Бірақ абырой болғанда иттерім талап өлтірген. Енді, міне, ақпарат құралдарын құлағдар етіп отырмын, — дейді Дулат Тәжібаев телефон арқы-

лы сөйлескенімізде. Жергілікті тұрғындар бұрын байқамаған хайуанатты росомахаға ұқсатып отыр. Ал росомаха көбінесе Солтүстік Америка мен Скандинавия түбегін мекен етеді. Тырнақтары ұзынша келген, денесі борсықтан сөл ғана үлкен жыртқыштар тобының өкілі. Қазақстанда кездеспейтін аңның

Торғай жеріне қалай келгені беймәлім. Қазір аңның өлі денесі шаруаның қорасында ілініп тұр. Айтуларынша, оның салмағы 10-15 келі шамасында.

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

Суретті түсірген Дулат Тәжібаев.



Өрт сөндіруші болғың келе ме?

Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне орай қаладағы М.Горький атындағы гимназиясында "Көкшетау техникалық институтына түсу тәртібі" тақырыбында интерактивті сабақ өтті.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Мұрат Қуанышбаев 10-сынып оқушыларына төтенше жағдайлардың қызметі мен беделі, құтқарушы мамандығы туралы айтып берді. Ал Қостанай қаласы өрт сөндіру бас-

қармасының бастығы ҚР ИІМ ТЖК Көкшетау техникалық институтына түсу ережесімен таныстырып, өрт сөндірушісі болуы үшін нені істеу керектігін айтты.

Сабақ соңында еліміздегі өрт сөндірушілерді даярлайтын Көкшетау техникалық институтының тыныс-тіршілігі жайлы деректі фильм көрсетілді. Онлайн режимде өткен сабаққа облыстың 49 мектебі қатысты.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурс комиссиясы (110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98, 301 каб., анықтама телефоны: 8 (7142)53-03-55, факс: 8(7142)53-39-80, электрондық пошта: kadrykostanay@mail.ru) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды;

1. "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы (Е-3, 1 бірлік) лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына қарай 78798 теңгеден 106345 теңгеге дейін

Қызметтік міндеттері: Бөлімге жалпы басшылықты жүзеге асырады; бөлім қызметкерлері арасындағы міндеттерді бөледі. Бөлімнің азаматтық хал актілерін толық және уақытылы қамтамасыз етуі жөніндегі қызметін үйлестіреді және бақылайды. Некеге отыру туралы өтініш қабылдайды. Е-гov (ҚР электрондық үкіметінің порталы) арқылы некеге отыру туралы өтініш қабылдайды. Некеңі салтанатты және салтанатты емес түрде тіркеуді, оның ішінде ҚК мекемелерінде тіркеуді жүзеге асырады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерінің қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізеді. Мемлекеттік қызметтердің көрсетілуіне бақылау жасайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі жоғары құқық (құқықтану, халықаралық құқық, құқық қорғау қызметі), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару)

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

- осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

- жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

- ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының орынбасары (Е-Р-2, 1 бірлік) лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына қарай 98017 теңгеден 132611 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Халықты жұмыспен қамту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер төлеу мәселелері жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; ведомствоға бағынысты ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асырады; мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді; жетекшілік ететін ведомствоға бағынысты ұйымдар мен секторларда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу үшін бақылауды жүзеге асырады; қала кәсіпорындары мен ұйымдарының кадрларға қажеттілігін зерттеу жұмысын бақылайды; мекемедегі өртке қарсы қауіпсіздігі мен еңбек сақтау мен қауіпсіздігі қалпына жауапты; мемлекеттік мекеменің әкімшілік ғимаратын пайдалану мен оның техникалық қалпын бақылауды жүзеге асырады; мекеме мен ведомствоға бағынысты ұйымдардағы автокөліктің техникалық қалпын бақылайды; оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтардың өтініштерін қарайды; азаматтарды жеке мәселелер бойынша қабылдайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі жоғары (құқық, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, техникалық)

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес болуы;

3) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19

наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығы негізінде жүргізіледі (бұдан әрі - Қағидалар).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** 110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98, 301 каб. мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған жоғарыда аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен бастап 5 күн ішінде үміткерлер әңгімелесуді "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде, 309 кабинетте, өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурстық комиссияның бақылаушылары ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпараттық құралдардың өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың, өкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен көшіктірмей, Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөліміне жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жатауынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысу бойынша шығындар (әңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Көрмені тамашалады

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіруші мен құтқарушылары қаланың орталық алаңында өрт-құтқару техникасы көрмесін ұйымдастырды.

Көрмеде өрт сөндіру

техникалары, вездеход-болотоход, ТРЭКОЛ-39292, катер "Gladius", Камаз-КУНГ-14320Д, аэроджип "Пегас" және басқа да техникалар қаз-қатар тізілген. Қостанай қаласының оқушылары далада ұйымдастырылған көрмеге аса қызығушылық танытты. ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасының мамандары балаларға техникалар мен құтқару қызметінің құралдары туралы айтып берді.

Сонымен қатар іс-шарада оқушыларға Нидерланды елінен шыққан "Холматро" авариялық-құтқару машинасының қалай жұмыс істейтіні көрсетілді. Ал көрмені тамашалаған балалардың бірі АЛ-32 өрт сөндіру көлігінің баспалдағына шығып көрсе, кейбірі өрт сөндіру машинасының руліне отырды. Мамандар арнайы ұйымдастырылған көрмені өткізу барысында төтенше жағдайлар қызметі заманауи үлгідегі құтқару техникаларымен жабдықталғанын, кез келген қиын жағдайда көмекке келуге әзір екендеріне көз жеткізді.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Досымыз **БЕЙСЕМБАЕВ Игілік Қабыдбекұлы** тірі болғанда 60 жасқа толар еді. Ол өте бауырмал, жанашыр, үлкен жүректі жаны жайсаң, жомарт жан еді. Сөзге өте шешен, ақын-әнші, өңгімешіл, сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің сұлтаны еді...

Үні де едің, гүлі де едің Торғайдың, Өзің бірақ деген жоқсың, сондаймын. Арамыздан ерте кеттің бірақ та, Өмірде бір сол қайғы...

Табиғат қой жолдан танбас мәңгілік, Одан бері атты қанша таң күліп. Қажияда кете бардың артыңа, Үш қыз, бір ұлыңды қалдырып...

Пенделерді қамсыз-мұңсыз өткізіп, Өмір сүру емес сіре тек қызық. Шүкір, тәубе Жамиләң жүр бақуат, Балаларды тәрбиелеп жеткізіп....

Түстің талай айтыстарға, тартысқа, Өнеріңмен қалған елде бар нұсқа. Наурыздың 6-сында ардағым, Аман болсаң толар едің алпысқа.

Бұл өмірдің жақсы-жаман күйі егіз, Сені ойласақ босайды жан-жүйеміз. Иманыңды нәсіп етісін, деп тілеп, Рухыңа бас иеміз....

Тілек білдірушілер: Жамал, Сара, Нұрсұлтан-Азат, Сәлім-Тұрсынқұл, Адгам-Жанар, Берік-Айжан, Жаңабай-Фарица.



Еске алу

Қостанай облысы, Меңдіқара ауданында дүниеге келген асқар таудай әкеміз **Жұмабаев Сейтхан Нұрмағанбетұлының** бақилыққа аттанып, мәңгілік жер бөсігіне бөленгеніне биыл 1 сәуірде 1 жыл толады. Сынаптай сырғып өткен уақыт шіріңге шектеу бар ма? Әкеміздің о дүниелік болғанына да жыл болды. Тағдырдан асып қайда барасың! Айбынды әкемізді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаудан басқа қолдан келер шара жоқ.

Еске алушылар: жұбайы, балалары және немерелері.

Әкеміздің жылы 29 наурызда, сағат 12.00-де Қостанай қаласы, Герцен көшесі, 25, "Сәулеш" тойханасында өтеді.



«Максат» шаруа қожалығының сенімді тұлғасы Куатканов Чингиз Хасенович кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен келесі мүлікті сату жөнінен сауда өткізеді: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Суворов селолық округінің аумағында орналасқан, мақсаттық нысаны – тауарлы ауылшаруашылық өндірісін жүргізуге арналған

кадастрлік номері 12-184-015-047, алаңы 509,3 га, кадастрлік номері 12-184-015-046, алаңы 880,3 га, бөлінетін жер учаскелеріне жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолма қол ақшалай қаражатпен өнгізіледі.

Сауда 2015 жылғы 20 наурыз, сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл п., Братская 26/2 үй.

Өтінімдер 2015 жылғы 19 наурыз, сағат 17.00-ге дейін сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл п., Братская 26/2 үй, анықтама үшін телефон: 8-714-44-2-20-08.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың аграрлы-биологиялық факультетінің ұжымы агрономия кафедрасының профессоры Оразбаев Қасымжан Шаяхметұлына

жұбайы Үміт Қасымқызының қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.



Әлем – әйел!..

Әлем – әйел!..

Аксиома сақталған
Ықылымнан,
жеткен Ғұннан, Сақтардан,
Ізгілігі жадымызда жатталған.
Адамзаттың тіршілігін

баптаған,
Ұлылық бұл – Ана деген
атты алған.

Әлем – әйел!..

Таулық тұлға тым биік,
Байкал теңдес
Сыры терең түңғыық.
Шырылдайды шоққа
түсер шын күйіп,
Мәнін шешер арқалатсаң
мұңды үйіп.

Әлем – әйел!..

Бақытты еткен барлығын,
Сөкет дейді
қазынаны, барды кім?
Көктем емен қуантайық
әр күні,
Бар өмірдің қуанышын,
байлығын!

Әйел – әлем!..

Бар байлығың, берекең,
Жер шарындай
жақсылығы кең екен,
Артық емес
Сені әлемге теңесем,
Құтты болсын,
Әлем – әйел, мерекең!
Құтты болсын нәзік
жандар мерекең!

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

● ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ

«Өнер толқынында»

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Жас суретші Мейрамгүл Ордашеваның «Өнер толқынында» атты көрмесі қаламыздағы көркемсурет галереясында ашылды. Бұл ғажайып әлем Мейрамгүл үшін балалықтан басталған. Бірде ағасы қарындасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы туралы кітапты сыйға тартқан. Суретті кітап бала жүрегінде өзіндік ізін қалдырса керек. Кішкентай суретші сол сәттен бастап әрдайым сурет сала бастады.



Наурыз –
Халықаралық
әйелдер күні!

– Мейрамгүл, бүгінгі көрмеңіз қандай тақырыптарды қамтыған?

– Туған жерге деген сүйіспеншілік менің көп жанрлық картиналарымның тақырыбының бірі. Мен көбіне басты нысанға – туған жер, ел, қазақы дәстүрді аламын. Менің шығармашылығымда балалық әсер мен жарқын оқиғалардың бәрі де тоғысқан. Туындыларымда елімізге белгілі суретшілерінің көбісінде кездесетін ұлттық сюжет сарындары кездеседі. Картиналардың тақырыбы да соған сай «Бәйге», «Күрес», «Көкпар», «Жайлау» тағы да басқа. Таңдаған тақырып қана емес, композициялық шешімінен «классикалық» палитраны таңдаудан өнермен үндестік байқалады.

– Сіз енді танылып келе жатқан жас суретшісіз. Оның сыртында кішкентай екі ба-

лаңыз бар. Әйел адамға осындай жұмыспен айналысу қиын емес пе?

– Әрине, кішкентайлы болған соң көп уақытым отбасының тіршілігіне кетеді. Бірақ мен үшін сурет салудан артық рухани ләззат жоқ. Қолым қалт еткенде қолыма қылқалам алып, қиялымда жүрген дүниені салуға асығамын. Шабытты шақтарда бір күннің ішінде бітіріп шығарған дүниелерім бар.

– Әр адамның жан дүниесіне жақын бейнесі болары сөзсіз. Сіздің бейнеңіз қандай?

– Жаңа айта кеткендей, қазақы дәстүр, пейзаж салғанды ұнатамын. Бірақ бөрінен де жылқыларды бейнелеу мен үшін жоғары тұрады.

– Алға қойған мақсатыңызбен бөлсе кетсеңіз?

– Жоспар көп. Ең алдымен әрине, отбасымның амандығын тілеймін. Ана болған соң балаларымның жақсы азамат болып қалыптасқанын қалаймын. Одан қалды бүгінде Қостанай

мемлекеттік педагогикалық институтының «Өнер» кафедрасының оқытушысымын. Өзімнен кейінгі жастарға үйретерім көп болса екен деймін. Мен шығармашылықпен 2003 жылдан бастап ден қойып айналыса бастадым. Тоқырап қалмау үшін үнемі ізденіс, еңбек керек. Шығармашылық кезеңде екі дербес көрмем ашылды. Бірі Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында болса, екіншісі Челябин қаласындағы (Ресей) «Солнечный дом» жеке галереясында. Ал бұл менің үшінші көрмем. Көпшілік жылы қабылдап жатқан сияқты. Мен үшін бұл маңызды. 2013 жылы жас суретшілердің облыстық «Жас толқын» сайысына қатысып, «Кескіндеме» номинациясы бойынша 2-орынға ие болған едім. Енді Алматыда Ә.Қастеев мұражайында көрме ұйымдастыруды ойластырып жүрмін. Суретшілер одағына мүшелікке қабылданғым келеді.

– Сұхбатыңызға рахмет. Өнеріңіз өрге шарықтасын!

● «НАУРЫЗ БАТА» БӘЙГЕСІНЕ

Маңгі егемен
ел болсын!

Алты алаш қазағым,
Маңгі егемен ел болсын!
Озық тұрған әлемде,
Отыз елмен тең болсын!
Қазына, байлық, төрт түлік,
Сыңсыған бақты жер болсын!
Балығы тайдай тулаған,
Аққу-қаздар шулаған,
Айдынды шалқар көл болсын!
Ұл-қыздары шетінен,
Осының бәрін қорғайтын,
Еңіреп туған ел болсын!
«Оңтүстік, шығыс, батыс» деп,
Ру, тайпа, жүздердің
Ара жігін бөлмесін!
Ниеті бұзық келімсек,
Жерімізге енбесін!
Жымысқы залім сөзіне,
Жас ұрпақтар ермесін!
Білім қуып, еңбек қып,
Алысқа құлаш сермесін!
Әз-Наурыз құтты боп,
Ризық, несібе береке
Ағыл-тегіл, сел болсын!
Тілегімізді Алла қолдаса
Болмас ешбір теңдесің!

Ыхласбек МАХМЕТОВ.

Родина ауылы, Арқалық қаласы.

Наурыз қандай ай?

Жыл он екі айдың бірі – наурыз айы. Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз айы – жыл басы болса, маусымға бөлсек – көктем айы болмақ. Көне жұлдыздық есепте оны «үт» деген екен. Қазақ атамыз «Үт кірді, үсік шықты» деп наурызда ауа-райының жылынаатынына қуанған.

Халқымыз «Наурыздың он бесі құдайдікі, он бесі кедейдікі» дейді. Неге десеңіз, наурыздың алғашқы жартысында ауа райы аумалы-төкпелі, қалған екінші жартысында күн жылынып, қыстан қысылып шыққан кедейге кеңшілік болатынын білдіреді.

Наурыздың 22-де, яғни «Ұлыстың Ұлы күнінде» күн мен түн теңеседі.

Көктемгі «өліара» өтіп, наурыз мерекесі жақындасымен, жұрт үй айналасын тазартып, үй-ішін қағып-сілкіді. Әрбір отбасы Наурыз көже жасауға дайындалады. Қазанға қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі мүшелері салынады. Ет сорпасына көже қайнатады. Оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосады. Тұз бен суды қосқанда дәмнің саны тоғыз болуы тиіс.

Түркі халқының ұғымында жеті мен тоғыз және қырық – киелі сандар. Сол себепті наурыз аса қасиетті тағам болып саналады. Ол – тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы.

Наурыз мерекесі жадыраған жазды қарсы алар көктемнің басы болғандықтан атам қазақ «Самарқанның көк тасы еріген күн» деп те атайды. Яғни бүкіл табиғат ананың тоңы жібіп, жаны кіретін тіршілік басы дегенді білдіреді.

Наурыз айында күннің ұзаруы – «Ұзын сары» деп аталады. Сол секілді қазақ атамыз осы мезгілді көкезек шақ деп те атаған-ды. Әже-апаларымыз жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер тұсы осы мезгіл болғандықтан дәмді, қуатты тағамдарды әдейі сақтап отырған.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Фототілшілер: 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-39-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11414. Тапсырыс 322.

Немірдің кезекші редакторы: А.АЙҚАДАМОВА, Г.САҒИТОВА.